07.50 «Жат туыстар»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.10, 23.00 «Морские дьяволы. Дальние рубежи»
12.10, 21.40 Сериал «Медиум»
13.20 «Королева бандитов»
16.30, 02.00 «Зәкира»
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
01.50 Сериал «На твоей стороне-2»

ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Сегодня»
14.10 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.15 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Мамандық маңызы»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ
06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «ХАН-ШАЙЫМ»
10.00, 10.20 Мультсериал
11.50, 12.50 «Сеня-Федя»
13.50 «Воздушный бой»
15.40 Х/ф «Ангелы чарли»
17.50 Х/ф «Ангелы чарли-2»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Каратель Территория Войны»
01.00 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Базарбаевтар»
03.10 « Әзіл студио»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ
06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.10, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Т/с «А у нас во дворе»
14.00, 23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00, 22.00 «Босс әйел»
16.10, 00.00 «Девушки с макаровым»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАСПАНА

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛУДА

ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕ ХАЛЫҚТЫ ҚОЛЖЕТІМДІ ӘРІ САПАЛЫ БАСПАНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ СӘТТІ ШЕШІЛУДЕ. «НҰРЛЫ ЖЕР» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АЯСЫНДА ОБЛЫСТЫҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНДЕ ЖЕКЕ ЗӘУЛІМ ҮЙЛЕР ҒАНА ЕМЕС, ТҰТАС ШАҒЫН АУДАНДАР БОЙ КӨТЕРУДЕ.

Алакөл ауданында жыл аяғына дейін жүз пәтерлік үш көпқабатты үйді тапсыру жоспарлануда. Бұл ретте үйлердің бірі мерзімінен алты ай бұрын салынады. Көптен күткен баспанаға кезекте тұрғандар қол жеткізбек, олардың саны бүгінде облыс бойынша 1519 адамға жетті. Негізінен бұл халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан аз қамтылған азаматтар. Өкінішке орай, пандемия кезінде облыста тұрғын үй құрылысы тоқтап, соңғы үш жылда мемлекет есебінен салынған бір шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілмеді. Енді, міне, бұл мәселе біртіндеп жойылуда. Соның бір мысалы – Алакөл ауданына қарасты облыс орталығы Үшарал қаласының жүз тұрғыны қоныс тойын тойлауды жоспарлап отырған жаңа «Болашақ» шағын ауданы.

Шағын ауданда заманауи үлгідегі көпқабатты тоғыз үй болады, оның үшеуі 60 пәтерлі және алтауы 20 пәтерлі. Айта кету керек, бұған дейін бірнеше үйге адамдар қоныстанса, басқаларының құрылысы әлі де жалғасуда. Аулада балаларға ыңғайлы спорт алаңдары, орындықтар, бүлдіршіндерге арналған құмсалғыштар да бар. Әрине, бұл қала тұрғындарының көңілінен шықпауы мүмкін емес. Шағын аудан Үшаралдың көрікті, жайлы бұрыштарының біріне айналуы тиіс. Жергілікті кәсіпкер Асхат Слямов заманауи үлгідегі бір қабатты 21 үйге қаржы құйған. Оның жиырмасы кезекте тұрғандарға кепілге қойылса, кәсіпкер бір коттеджді көп балалы немесе аз қамтылған отбасына тегін беруді жоспарлап отыр.

Көксу ауданында 1277 адам тұрғын үй кезегінде тұрса, оның 1044-і аудан орталығы Балпық би кентінде. Қазір мұнда 7 және 8 қабатты блоктардан тұратын 60 пәтерлік несиелік тұрғын үй салынуда. Онда екі бөлмелі 30 және бір және үш бөлмелі 15 пәтер болады. Нысан «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынуда. Бүгінгі таңда 439 тұрғын тиісті құжаттарын рәсімдеу арқылы төлем қабілеттілігін растаған.

Участок басшысы Ақиық Ноғайдың айтуынша, жұмыс кестесінен кешігулер жоқ. Аяз басталғанша монолитті жұмыс пен кірпіш төсеуді аяқтау маңызды. Қыста құрылысшылар ішкі безендіруге кіріседі. Сонымен қатар тұрғын үй орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Құрылыс алаңында 40 адам жұмыс істейді, 3 техника бар. Негізінен бұл жергілікті тұрғындар мен талдықорғандықтар. Жалақы 400 мың теңгеге жетеді. Мамыр айында басталған көпқабатты үйдің құрылысы келесі жылдың ақпан айында аяқталады деп жоспарлануда.

Жалпы, Жетісу өңірі бойынша ағымдағы жылдың 8 айында құрылыс жұмыстарының көлемі 56,1 млрд теңгені құраса, оның ішінде 116,6 мың ш.м. метр баспана пайдалануға берілді.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Талдықорған қаласының «Авиценна» медициналық колледжінде Тілдер мерекесіне орай апталық өтті. Мақсат – білімгерлердің тілдік және оқу сауаттылығын дамыта отырып, кітапқа, өлең оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Апталық аясында «Ана тілім – құдіретім» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Сайыстың басты талабы – қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі өлеңдерді нақышына келтіре, мәнерлеп айту. Додаға сақадай сай болып, он бес үміткер қатысты. Кіл жүйріктің арасынан 209-топ білімгері Диана Дүйсембек топ жарып, бірінші орын иеленді. Диана Мұқағали Мақатаевтың «Жоқ, дәрігер» өлеңін жатқа оқыды. Ал екінші орынды 105-топ білімгері Марғұлан Дінмұхамед пен 205-топ білімгері Әмір Чаймұрат қанжығаларына байлады. 105-топ білімгері Жанель Орузгалиева «Туған тілім», 101-топ білімгері Диана Қыдырғалиқызы «Ана тілі» атты өлеңдерін оқып, үшінші орын иеленді.

Тәуелсіз елімізде өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімдерін қалыптастыру, үш тілдік саясатты дамыту аясында ұйымдастырылған бұл іс-шара өз деңгейінде өтті. Қазақ тілін жете білу арқылы біз өнер мен білімнің, мәдениет пен ғылымның биігіне жетіп, өз халқымыздың өткен кеткенін зерделеп, оны әлемге таныта аламыз.

Тіл – ұлттың жаны. Тілге құрмет – елге құрмет. Осыны терең түсінген білімгерлер тіл мәртебесін асқақтата беретініне кәміл сенеміз.

Мадина КУНЕЖАНОВА,
Талдықорған қаласының «Авиценна» медициналық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.

БАЙҚАУ

ЕКІНШІ ОРЫН ИЕЛЕНДІ

ДӘСТҮРЛІ «ПАРАСАТТЫ ПОЛИЦЕЙ» БАЙҚАУЫ БИЫЛ ДА ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ. САЙЫС КИЕЛІ КӨКШЕ ЖЕРІНДЕ ӨТТІ.

Оған еліміздің әр өңірінен 85 полиция қызметкері қатысты. Әр түрлі ұлттың өкілдері енген 17 команда өз ойын мемлекеттік тілде дұрыс жеткізе білу, түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындаудан сынға түсті. Осы байқауға қатысқан Жетісу облысы Полиция департаментінің қызметкерлері жүлделі 2 орынды иеленді.

Жетісу облысы Полиция департаментінің басшылығы байқауға қатысқан жеңімпаздарға алғыс сөздерін айтып, «Қазақстан полициясына 30 жыл» төс белгісі медальдарымен марапаттады.

А. МАЛДЫБАЕВА,
Жетісу облысы Полиция департаменті ІСКБ маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

БОПАЙ ханым

Үстірттің батыс мүйісінен, ақ борлы кемерінен айналып, шығыстағы көз жетпес қиыры ұзыннан-ұзын далиып жатқан кең ойпаңға қарай бет алған Сүйіндік ауылының көші көлеңке ұзарып, Күн төбеден ауған шақта шағын төбенің етегіндегі тепсеңге келіп аял жасады, түйелер шөгерілді…

Аптаға жуық ұзақ жүрістен зеріге бастаған Бәтима бұл мезгілде көштің ал-дына түсіп әжептәуір жер ұзап кеткен еді. Күзде тай кезінде жуасытылып, жаз шығар-шықпастан жүгенделген, әлі тарпаңдау күрең қасқа құнаншығарына дұрыстап бас білдіру сылтауымен әрлі-берлі ойқастай шапқылаған ерке қарындасының қасынан кұнұзағына ұзамаған Мырзатай көш аялдар тұста одан бөлініп қалып қойды.

Далиған жазықтың жусанды тегіс қатқылына тұяғы тиген жарау құнан тізгінді босатқасын көсіліп сала берді. Құлақ түбінен гулеген желге балғын жүзін қарсы тосып, қос қапталда дөңгеленіп қалып бара жатқан ұланғайыр даланың бойымен Бәтима жүйіткіген күйі көз ұшынан бір қас-қағымда ұзай берді. Балауса жастықтың ыстығы жалындаған қыздың өн-бойын әлдеқандай бір өршіл де қызу сезім биледі. Бірнеше күндер бойы көкірегін құрсаған марғау мазасыздықтан осылайша тоқтамай, мүдірмей жүйткіген күйде арылғысы келгендей еді. Көз сүрінер бедері жоқ шексіз кеңістік оған құшағын емін-еркін ашып жатты…

…Жаңа тігілген үлкен отаудың Сүйіндік пен Ақсырға бәйбіше бастаған үлкен-кішілері жиылып, кешкі шәйға енді отыра берген мезгілде оралған Бәтиманың алдынан Мырзатай шығып, қарсы алды.

Жазғы жаңа қоныстағы алғаш түнде Бәтима төсегіне сүлесоқ жатқан қалпы көз ілмей шықты. Көзін жұмса, өзі кенет беймәлім бір әлемнің ортасында жүргендей күйге түседі. Өң мен түстің арасындағы бір хәлде сансырап жатқандай. Әлгі түсініксіз әлемнің арасынан анталаған сансыз жарық жан-жағынан андыздап, көз жанарына қамалады да, сан түрлі түспен толқынданып кетеді. Түрлі-түсті толқын өн-бойын дірілдетіп, жан-дүниесін тербетіп, шексіз, шетсіз кеңістікке қарай қалықтатып, жетелей жөнеледі.

Көзін ашса, арқасын сұп-суық тер қамап, түршігіске түседі. Дерт дейтіндей дерт емес, ойын сансыратқан, балауса тәнін қалжыратқан хәлмен таң ілкімі саз бергенше арпалысып шыққан Бәтиманың сәл бір аралықта барып кірпігі айқасты…

Талығып жеткен таңғы ұйқы оны ғажайып бір түстің құшағына енгізді. Тәтті ұйқыдағы мұның ашық маңдайын сипалаған қарқарадай ақ жаулықты, жүзінен мейірім нұры төгілген бейтаныс кейуананың жып-жылы алақаны көңілін елітіп, жан-дүниесін маужыратып жатқандай. Көзін ашып, сол аялы алақанды бір сәт ұстағысы келіп созған қолына бір шөкімдей ғана үлбіреген әппақ бұлт ілінеді. Артынша әлгі кейуана: «Қызым, бұл саған, сенің қолыңа қонған қасиет, ұқыптап ұста, шашып алма! Шипа сұраған жан қолыңнан дәру алар бұдан былай. Мен саған Табынайдай текті атаңның киелі әлемінің мейірімді сәлемін алып, осыны айту үшін келдім. Маңдайыңнан сипап киелі қасиетіңді өзіңе бердім, алаңсыз ұйықта, тұла-бойыңды, арқа-басыңды қысқан ауырлықтан жеңілдеттім, сауығып тұрасың!» – деді де, ғайып болды. Уысындағы әппақ бұлтты ыдыратып алмайын деп, аяғының ұшымен қалқыған ол Жерден әлдеқайда биіктеп ұшып бара жатқандай күй кешті. Аз ұшты ма, көп ұшты ма, білмеді, бір уақытта жерге табаны тиді де, оянып кетті. Өн-бойы жеп-жеңіл сергіп, көзін ашқан бойда жалма-жан алақанына қарады. Түсінде көрінген бір шөкім бұлттың орны шымшым етіп, ып-ыстық болып алақанында алаулап жатқандай сезінді…

Дәрушен қасиеттің белгісіндей болып қас-қағымда байқалған бұл беймәлім күйдегі көріністер балғын Бәтимаға жаңа қоныста өткізген алғашқы түнде түсіне енген болатын.

…Содан бері Сүйіндік ауылының жайлауы Жемнің жоғарғы бойымен өрлеп, жайылыс ыңғайына қарай жаз ортасы ауғанша екі-үш көш жер табан аударды. Атақоныс Мұғалжар сілімдерінің баурайы Сүйіндіктің қалың жылқысына шүйгінді жазғы өріс болды.

Еділдің бергі жағасына осы кездері ауық-ауық бұза-жара өтіп, Жем алабына маза бермей тұрған қалмақ жасақтары қазақ ауылдарының жылқы табындарына алдымен шүйлігумен болды. Бұның мәнісі өздерінің дамылсыз соғыс жорығына шыдамды адайдың міністік жылқысын қармап қалу еді.

Кете батыры Алтаймен тізе қосқан маңғыт Қарақ батыр биыл Жем бойындағы елді қалмақтардан қорғап, оларды ішке қарай өткізбеудің амалын жасаудың қамымен мың қаралы қолының бір шамасын Сүйіндік ауылы жайлаған маңға әкелген болатын.

Түбіт мұрты жаңа тебіндей бастаған Мырзатай да бұлармен іргелес ілесіп жайлаған алыс-жақын адай ауылдарының өзі құралыптас қарулы жас жігіт-терінен жасақ құрып, осы қос батырдың сарбаздарына қосылуға ниет қылды. Ауыл төңірегінен былайырақта аттарын жаратып, қолда бар садақ, найзаларын сайлап, жорыққа өздерінше машықтанып жүрген сарбаздарының қосына Бәтима да бұл күндері ағасы Мырзатаймен бірге барып жүрді. Жігіттерше ықшам жорық киімін киіп алып, садақ жебесін тартуға әуестенген қарындасын ол бетінен қақпады. Бәрібір өз айтқанынан қайтпайтын ерке қыздың мінезі оған белгілі еді.

Өзі ерекше жақсы көретін қызының өршілдігіне әкесі Сүйіндіктің де тоқтау саларлықтай шарасы болмады. Бірақ қалмақпен шайқасуға жібермейтінін үзілді-кесілді бұйыра ескертті. Ескертуді айтуын айтса да, «әттең, құлдығым, қыз болып жаратылдың, әйтпегенде ата жолын қуып, батыр даңқын шығатындай өренім сен-ақ болар едің!» деген іштей сүйсініс әке жүрегін толқытып кеткен еді.

… Күз қыраууның сызы әбден біліиіп, үйіріліп аққан Жем суының беті мұз қабыршақтанып күн райы қоңырқай тартып, салқындай бастағанда Сүйіндіктің жылқы қостарының алды өрісін шығыс бетке, Үстірт баурайына қарай түзеді. Осы мезгілде қалмақ қолдары дүркін-дүркін шабуылдап, сойқан сала бастады. Жары адай ер Шотан бастаған, кете Алтай мен қарақалпақ Қарақ батырлар қостаған жасақтардың қарсы тегеурініне төтеп бере алмай бытырай шегіне қашқан жаудың бірен-саран тобы Жемнен бері өтіп үлгермеген адай ауылдарын жол-жөнекей ойрандап кетіп жатты.

Мырзатайдың сарбаздары да қарап қалмады, бірақ қансыраған қалмақтың азуын ақситқан жыртқыштары бейбіт елден өшін алуын бәрібір тоқтатпады.

Осындай зобалаңды күндердің бірінде қалмақтың ала-шаңыт дүбірі Сүйіндік ауылының да шетіне жетті. Мырзатайдың қарауылдаушы сарбазының қырқа басынан жүйіткіп, аттан салған дауысынан қыс қыстауға көшкелі отырған жұрт аяқ астынан абыр-сабыр болды да қалды. Оншақты жігітпен атқа қонған әкесі Сүйіндіктің ізін ала Бәтима да күрең қасқасымен ілесе жөнелді.

Мезгіл екінтіге ауып бара жатқанда ұзынша қырқаның тұмсығынан еңіске қарай іркес-тіркес құлаған торғауыт сарбаздары бұларды елең қылмаған сыңайлы. Ұзын қарасы отыз-қырықтай дұшпан тобы алды-артына қарамай ілгерілей берді. Шағын қолмен олардың соңына түсуге күш тең емес, қырқаның өрінде аялдаған Сүйіндік аттың басын іркіп, енді-енді шаң беріп таяп қалған Мырзатай сарбаздарын күтті. Осы мезетте өздері жеткен тұстан, көзкөрім жерде жүйіткіп келе жатқан жалғыз салт аттының қарасы шалынды.

– Апыр-ай, бұл кім болды екен? Байқандаршы кәні, дұрыстап көз жіберіп!

Ауылда қалған жұрттан әлдеқалай төтенше хабар жеткізуші біреу болды ма екен?..

– Сүйіндік ауыздығын қарш-қарш шайнап, алдыңғы аяғын тарпыған құла айғырының тізгінін тарта ұстап, ашаң жүзі демде бозара түсіп, елең етіп абыржыды. – Жүрісі ала-бөтен суыт қой өзінің!..

– Өй, мынау Бопай ғой өзіміздің, күрең қасқа құнанынан таныдым! – деп айқайлап жіберді жігіттердің біреуі.

– Бопай деймісің!.. Әй, баламысың деген?!.

Жасөспірім ер балаша ықшам киініп, иығына садағын іліп, оң тақымдығына шашақты шағын, төрт қырланып үшкірленген найзасын қыстырған Бопай күрең қасқасымен орағыта ойқастай келіп дәл әкесінің маңдай алдына келіп тізгінін тартты.

– Көке-е!.. Ұрыспаңыз маған! – деді, жұп-жұқа ақторғын бетінің ұшына қан ойнап.

– Бір ашуыңызды қиыңыз! Ризашылығыңызды алмасам да, ел шетіне келген жаумен айқасуға өзім келдім! Бәрібір кейін қайтпаймын!

– Олай болса, мыналардың қатарына барып тұр!

– Қабағы қатулы Сүйіндік көзін алартып, бүктей ұстаған қамшысының ұшымен сарбаз-жігіттерін нұсқады.

– Бұлар шетінен жүрек жұтқандар! Тасасында тығылып тұрмайтын боласың!..

– Тасада тұру үшін келгенім жоқ, әке! Сертке-сертім сол!...

Еңсесін тік ұстаған күйі, күрең қасқасын бір ырғытып, қатардың алдына келіп тұра қалған қайсар қыздың мінезінен осы мезет өршілдік жігері өрекпіп кеткендей еді.

– Ойпырым-ай, мынауың біздің Табынайлардың қанына тартып туған нағыз қайсардың өзі ғой!..

Өжет қыздың әкесінен тайсалмай, мынадай тосындау өршіл мінез танытқанына ауыл жігіттері қайран қалысты.

…Тоқтамай жортуылдаған торғауыттардың құлағына өздеріне таяп қалған, толассыз жосып келе жатқан қалың ат тұяғының дүбірі шалынған болуы керек, екі топқа жарылып, қиястай тартып қуғыншылардың қатарын быытыратудың айласына көшті. Біреімен қапталдасып, қатар келе жатқан әкелі-балалы бастаған сарбаздар бұлардың амал-тәсілін тез аңғарды да, сол тас-түйін қалпын бұзбады. Тартқан жебелерін дәл нысаналайтын садақшыларды екі қапталға жіберіп, найзалы топтың ортадан ытқи шығып, оң мен солға қарай жедел атой салуына кеңістік ашты. Жаз бойы ауыл маңында Мырзатай сарбаздарының арасында бірге жаттыға жүріп садақ жебесін тартуға әжептәуір машықтанып қалған Бопай садақшыларға қарай ығысты.

Бірінен соң бірі желкеден зуылдап жеткен садақ жебелері торғауыттарды қапелімде әбігерге түсіріп, сол бойда дереу ес жиғызды. Жебе жетерлік арақашықта тұра-тұра қалысқан екі жақ,

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

қорамсақтары орталанғанша атысудан танбады.

Жойқын атыс қызғынында үрейді бір сәтке ада-күде ұмытқан Бопай жебені үсті-үстіне жігерлене тартты. Кеудесіне торлы сауытты сетінеткен төрт қырлы үшкір сол жебелердің бірқатары торғауыттарды шетінен жер құштырмаса да, кейбіреуін жаралап шептен шығарып жатты.

Ұрыс майданында қарындасын Мырзатай көзінен бір сәте те таса қылмады. Өзінің мықты оққағарларын жұмсап, білдірмей оның жан-жағынан байқастатып қойған болатын. Бір жағынан сол септесті ме, әлде атасы Табынайдың әруағы жебеді ме, Бопайға жау қаруының ұшы әйтеуір дарымады. Аз ғана шығынмен бұлар жеңіскер болған осы шайқаста қалмақтардың жартысынан көбі қан-жоса болып, оншақтысы тұтқындалған еді.

Балғын қыз жан алысып, жан берісken соғыстың ауыр зардабын алғаш рет қанды, жаралы тұтқындарды көрген сәттерде жүрегі тіксіне сезінді.

Мұғалжар бөктері сол қоңыр күзде ыңырсып, күрсініп жатқандай еді…

* * *

Сүйіндік ауылы қыс жайлаған Үстірттің Сам құмдарына иек артқан жазығында наурыздың ілкім жылы ескегі ескеннен кейін-ақ жусанның көк исі бұрқырап сала берді.

Күннің біртін-біртін ұзара түскен жарығы шуақты лебін желпінте бастаған жаймашуақтың мезеттері қыстан шыққан жас, кәрісі бар жұрттың көңілін сергітті. Қыс ызғары қайтқан осындай саршуақ күндері Үстірттің әр-әр тұсынан етекке қарай түскен тау ешкілері көріне бастады…

…Үстірт асып, тау-тастың тағысы шаңырақ мүйізді текенің соңынан қуғын салғанда атынан құлап айдалада мерттікен аңқұмар бейтаныс жас жігітке Құдай айдап жаз өрісінің етек-жеңін шолып өз жөнімен кетіп бара жатқан Мырзатай жолықты. Тұлға-түркы өзінен бір сүйем де кем түспейтін нардай жігітті ол атына өңгеріп, әкесі Сүйіндік ауылындағы өзінің отауына әкеліп жайғастырады да, жас келіншегін әлдекімді «алып кел» деп үлкен отауға жұмсады. Тағдыр жазуы деген осы болар, көп ұзамай үлкен отаудан келген сол «әлдекімнің» өн-бойын шарпып өткен сұңғаттай сұлу жанарын арбалуы да сол күнгі мезеттерде болған еді. Үлбіреген, аса таңғажайып көрікті болмысына сынықшылық ерекше қасиет дарыған Мырзатайдың ару қарындасы нәзік қолымен сипалай отырып, сынып, орнынан тайған әрбір сүйегін орын-орнына қойып берді.

Ауырсынып жатса да, сом жұдырығын тастай ғып түйіп, жақ етін ширықтыра тістенген көркем жүзді жігіттің отты көзі сынықшы қыздың ұяң сезімін әнтек ыстық лебімен желпіп өткендей болғаны да анық еді, аялы жанары еріксіз күлімдегені де сол бір мезетте еді.

Ақторғын қыздың күлім-күлім еткен аялы жанарының оты оның көкірек тұсын шым еткізіп, өн-бойын бір ыстық діріл билеп ала жөнелген еді-ау. Жанын жай тапқызған оның нәзік те ып-ыстық алақанының табы бүкіл тәніне жайылып алғандай рақат күйде жатты. Көзін сәл жұмып, албырап жатқан Әбілқайырдың желқақты қоңырқай балғын жүзін осы бір тәтті мезетте жас көктемнің бұрқыраған саумал самалы аймалап өткендей болды. Киіз үйдің сықырлауығын жайлап қана ашып, кірген аққуба келіншек:

– Бопай! Бопайжан! – деп жып-жылы тіл қатты. – Отау үй жақтан өзіңді іздеп жатқан сияқты…

Жас жеңге қайын сіңлісін, Бәтиманы құйттай қыз кезінде томпаң-томпаң еткен болпаң жүрісіне орай әжесі еркелетіп қойған Бопай атымен атайтын.

Жас сұлтан өзінің балғын қыздың, емшісінің жеңгесі қойған аты Бопай екенін естіді. «Бопай!.. Шын есімі де Бопай ма екен өзінің?» деген ой келді қалжырап жатқан оған. Қапияда мертігудің азапты қиналысынан жеңілдеп, арылып, босаңсыған ол сол мезетте қалың ұйқы құшағына ене берді.

Бопайдың жәйлап қана орнынан тұрып кеткенін Әбілқайыр сезбеді.

Табынай ер Сүйіндіктің ауылында, Мырзатай үйінде жиырма күннен астам жатып мертігуден айыға бастаған Әбілқайырдың көңіл сарайын айрықша жадыратқан ынтық сезім сәт сайын ұлғайып, байыз таптырмады.

Жас жігітке осы күндерде әулеттің сүйікті еркесі Бопайдың да албырт көңілі ала-бөтен жақын тарта бастағандай еді…

Мырзатай отауына келуді жиілеткен Бопайдың әр қадамын қалт жібермей баққан жеңгесі қайын сіңлісінің алыпұшқан көңілін ерекше бір өзгерістің жайлағанын анық сезді. Келіншек үлкен отау, бас шаңырақтың иелері – ата мен ененің де қызының бейтаныс жас сұлтанды емдеуді сылтау қылып бұлайша жүруін қаламайтынын да біліп жүрді. Бірақ Бопайға ашықтан-ашық тиым салуға батылы жетпеді. Екеуінің оңашалануын жас жеңге қаламаса да, Бопай Әбілқайыр айығып тұрып кеткенше алақанымен сылап-сипау емін доғармады. Алақанымен жан-дүниесінің тербелісін сездіре білген көркем қыз оған өзінің алғашқыдағы аяушылықтан біртін-біртін жақсы көруге ұласқан бейкүнә сезімін үнсіз ұқтырғандай болды. Ол да екеуінің осы сырлы үнсіздігінен тілмен айтып жеткізуге болмастай ғажайып ынтықтық жүрегіне жасыра білді…

Сүйіндік ауылынан аттанатын күні ғана қалт еткен бір оңашалықта алғыс, ризашылығын білдірген Әбілқайыр Бопайдың алаулаған ыстық алақанына алақанын жанастырды. «Тағдыр мені саған жолықтырды! Өзіңе қайтып оралар сәтті асыға аңсап барамын, Бопайжан!» – деген жалғыз ауыз қимастық сөзін айтып үлгерген еді сонда жас сұлтан…

* * *

Жас сұлтанның аңсаған сәті туды. Келесі жылы сәуір орталай ел Жайықтың түстік батысына қарай, Жемнің төменгі бойынан әрі жаз жайлауға шыққан жайма-шуақ күндердің бірінде Бопай-Бәтима қыз ұзатылып, Сүйіндік ауылында ұлан-асыр той болды. Іргедегі құдандалы табын, әлім ауылдарынан да ағайын жекжат тойға шақырылды. Қыстан шығып, көктемнің шуағына еңсесі көтерілген көңілі шат жұрт адай ауылының қызығын армансыз тамашалады.

Қызының атастырылып қойған жеріне ата жолымен қондыра алмаған Сүйіндікте осы күндер де, той қарсаңында іштей тыншу болмаған. Бопайды алып кетуге Әбілқайырмен бірге келген Жәнібек, Бөкенбай батырлар бастаған жас сұлтанның серіктестеріне, құдалық өкілдеріне де пәлендей ашық қабақ таныта қоймады.

Құдаларды үлкен үйден аттандыруға арналған қонақасыда Бөкенбай:

– Сүйеке, аталы елдің сөзін ұстаған ұлағатың бар замандас ағасың, ризалықпен мақұлдасып аттанайық! Бопайың жат қолына емес, төре еліне, жас болса да халқына бас болған мына Әбілқайырмен бірге аттанып барады.

Біз – жас сұлтанға қосшымыз, терiскейден, оңнан, солдан көз алартқан дұшпанға қарсы тізе қосып тойтарыс жасаған жорықтардың сынына бірге түсіп келеміз. Ертеңгі күні де сол қалыптан айнымаспыз. Сіз де адай жұртының қолбасшар тұлғасысыз, жер намысы, ел намысы мен ер намысы жолында аянарыңыз жоқ екені баршамызға аян, бауырыңыздан шыққан тұлымшақты ұрпағыңа ақ тілегіңді аққарқын пейілмен білдіретініңізге бек сенімдіміз! – деп, иегін сәл көтере түсіп Сүйіндіктің ойлы жүзіне сауалды шыраймен барлай қарады.

Байыппен, барынша толғамдап сөйлеген Бөкенбайдың әр сөзін Сүйіндік қалт жібермей тыңдады. Бұлармен осы күндері ашық-жарқын бола алмаған кейпін батырдың қапысыз аңғарғандықтан өзіне осылайша сөз арнап отырғанын ол түсінді. Бірақ бұған іле жауап беруге асықпады. Төрге жайғасқан қонақтарына жағалай көз тастап, сәл тосылды да, Бөкенбайға жүзін бұрды.

– Е-е, Бөкенбай, жөн-жосықты білетін азаматымсың ғой, шын ырзалығым болмаса, мына келістеріңді қабыл алмас едім. Ел-жұртыммен бірге мына тойдың төріне келген сіздерге құрметімді жасар ма едім, жасамас па едім!?

Аз-кем толқудан Сүйіндіктің аққұба өңі қызғылт реңктеніп, кең маңдайындағы ұсақ әжім сызықтары аз ғана жиырыла түсіп барып жазылып сала берді.

Бөкенбай оның сөзін қабыл алған ишара жасап, оң қолын кеудесіне қойып, басын иді.

– Ұлдан кем көрмей өсірген қызымның бұл қалауына қарсы тұрар дәтім қайсы?! Ел мен жердің қамын мойнынына жүктеген мына азаматтың қолынан өмірлік қосағым деп ұстаса, ақылымен шешкен өз қалауы. Әкелік тілектестігіммен аттандырамын еркін өсіп, жайлаған алтын босағасынан!

Менің көкейімдегіні білгің келсе, айтпағым – осы!..

– Бәрекелді!..Бәрекелді-ақ! Сүйеке, аталы сөзіңе бек рақмет!

Бөкенбайдың көңіл-сарайы жайдарыланып, Сүйіндіктің сөзіне өзінің ризалығын жасырмады.

Төре еліне Бопайды аттандыру сәті сол күннің ертесіне күн әлеті сәскеге ұласар шамаға тұспа-тұс келді.. Сәуірдің жылы шуағы жамырап, жас көктемнің көгілжім исі бұрқырай бастағанда үкіленген екі ақбоз атқа отырған Әбілқайыр мен Бопайды ортаға алған сән-салтанатты топ шығыс жақты, Ырғызды бетке алып қозғалып кетіп еді.

* * *

…Ырғыз бойындағы биік-биік адырлы, шоқылы алаптың жазық ойдымында, тоғайлы, қалың шабындық жайқалған өзектегі хан ордасына жиылған жұрттың қарасы бүгін сиреп, Әбілқайырдың қасында Бөкенбай мен Мырзатай батыр қалды. Үшеуінің оңаша отырысы ханның Бопай бәйбішесі отырған отауында өтті. Көп күтушінің үй ішіндегі ерсілі-қарсылы жүрісін шектеп, ас-сумен жайлауды ханым өз қолына алды.

Соңғы күндері ойы сан-саққа кетіп, алаңдаулы күй кешкен Әбілқайыр оңашадағы үшеуара мәслихаттасудың әлқисасын өзі бастады.

– Ел шетіне әр бүйірден соқтығып, тыныштық бермей отырғандар бізден қанжоса болып қанша мәрте тойтарыс алса да, дұшпандығын тияр емес.

Орыстың мәртебелі билігі иегінің астындағы болып жатқан бұл сойқандарды көрсе де, көрмегендей жүз танытады. Мұнысын мақсат, пейілінің дұрыстығына қалай жатқызарсың? Ақ патшаның Петербордан жіберген Орынбор шаһарындағы гөбернәтір өкілі елшігер Тәуекел арқылы ел тыныштығын сақтап, қорғауға берген уәдесін орындаудан тайсақтап келеді.

Түпкі ниеті не? Тізе батыру ма? Анау қолтығындағы қалмағы мен Еділдің арғы бетін жайлаған итаршы жасақтарын айдап салып, елдің тұтастығын ыдырату ма? Олай болса, не істемекке керек?..

Әбілқайырдың соңғы күндердегі ішкі мазасыздығының, алаңдаулы жағдайының сырын Бопай қазір анық

Әңгіме

аңдағандай еді. Ханшайым осы мезетте ханның ширыға айтқан түйдек-түйдек әр сөзін қалт жібермей тыңдап отырған, қалың қабағын төмен салып, әлдебір ойдың сорабына түскен Бөкенбайдың кейпіне, өзінің ағасы Мырзатайдың шамырқанып, қошқылданып кеткен жүзіне байқатпай көз қиығын тастады.

Өзінің арқа сүйер кәнігі ақылшысы, оң қолы, сардар батыры Бөкенбайдан жауап күткен Әбілқайыр алдымен оған мойнын бұрды.

Сөзін бастамастан бұрын тамағын сәл кенеңкіреп алған батыр ханға оқыс жалт бұрылғанда, кесек қоңырқай жүзінен жігер оты жарқ етті.

– Хан ием, не істемек керек дейсіз? Патша билігіне бас игісі келмей бас көтерген естек ағайындарды ашықтан-ашық қырғынға салған биылғы қаңтардағы оқиға қазаққа, баршамызға қамқорсынған орыстың үлкен билігінің бізге көрсеткен қыры емес пе екен деп ойға қаламын. Қарсыласса, көретін күннің осы дегендегісі ғой, сірә?! Ал мұндай жағдайда бас көтеретіндей ісіміздің аяғы әлгіндей болса, нәтижесі не болмақ?

– Үстірттің еңісі мен жотасын жайлаған адай жұрты да жан-жақтан анталаған дұшпандық әрекеттерге алаңдаулы! – деді Мырзатай шамырқанған қалпынан айнымай. – Оның үстіне мына түрікпендердің де оқтын-оқтын іргеден шабуылдауы тиылар емес! Иә, не істемек керек? Дұшпанға тойтарыс, қантөгіс жасамай, мәміле жасасудың жолымен кете бермекпіз бе, әлде…

– «Әлде» дейміз, ә? – деді Әбілқайыр, көңілін тыншытпай жүрген ойын түптей түскісі келіп. – Сол «әлденің» арты не болмақ деп отыра беруіміз жарамас! Шынтуайтына келгенде, орыс билігіне біржола о бастан бас ию ниетімізде болмағаны өздеріңізге аян. Көршімізбен іргеміздің сөгілмеуін ойладық, елді, хандығымызды өз ағайындарымыздың арасында талапайға салдырмай нығайтып, бейбіт өмір кешуді ойладық. Ал мұнымызды қаперіне алмай, өзінің қол астындағыларға тыйым салудың орнына, айдап салып, арандатушылыққа итермелесе, оған көнетін ел біз емес, солай емес пе, Бөке!

– Солайы солай! Өзіңізге мәлім, ел жақсыларының, Әжібай бастаған бибатырлардың да әу баста патша қатын жіберген елшігерге қырын қарағаны да тегіннен-тегін емес еді-ау?

– Жөн-жөн! Ойға қонымды сөз!

Бөкенбайға қосылып, мақұлдауын бұлталақсыз білдірген Мырзатай осы бір мезетте ханның сәл ойланып қалған кейпіне көз қиығын салды.

Орда төріндегі үшеуінің кеңесінде ортаға салынған әңгіменің ау-жайын байжайлаған Бопай ханым Әбілқайыр көңілін соңғы күндері көбірек мазалап жүрген жәйтті бүгін анық аңғарғандай еді…

Терiскей батыстан зәрлі пиғылын аңдатып отырған көршінің түпкі ойлағаны Еділ-Жайық арасынан баса көктеп жайпап өту ғана емес еді. Батысы ұлы Еділ мен Жайықтан, шығысы Тұранға шейін ұласқан ұлан-ғайыр мекенді қол астында ұстап, Азияның қиырдағы елдеріне үстемдігін жүргізу, сөйтіп, қазынасының сауда-саттығына өріс ашу орыс билігінің Петр патшадан басталған саясаты екенін хан білмей, сезбей отырған жоқ. Олардың бүгіндегі бар мақсат-мұраты

– Орданы біржола мойынсұндыру, тізе бүктіру. Жұдырықтай жұмылып, соған тосқауыл қоя білудің амалы қайсы? Бопай күйеуінің көкейіндегі мазасыз ойдың бір ұшы осында жатыр деп түйген еді…

Мәди АЙЫМБЕТОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СИТУАЦИЯ

БУДЕТ ОКАЗАНА ПОМОЩЬ, НО ОНИ НЕ ПОЛУЧАТ ПРЕФЕРЕНЦИЙ

Токаев: Приезжим из-за рубежа будет оказана помощь, но они не получат преференций

Президент РК Касым-Жомарт Токаев на встрече с общественностью Туркестанской области 27 сентября высказался о приезжающих в страну россиянах, сообщает Zakon.kz.

Как отметил глава государства, казахская поговорка гласит: «Добрые отношения с соседями – залог спокойствия».

Самое главное, чтобы мы сохраняли согласие с соседними странами. Мы от этого ничего не потеряем. В последние дни к нам приезжает много людей из России. Большинство из них вынуждены уезжать из-за сложившейся безвыходной ситуации. Мы должны проявить заботу о них и обеспечить им безопасность. Это политический и гуманитарный вопрос.

Касым-Жомарт Токаев на встрече с общественностью Туркестанской области

Президент поручил правительству принять необходимые меры.

«В этой непростой ситуации надо в первую очередь проявить гуманность, терпение и организованность. У нас нет ни кризиса, ни паники. Правительство должно выполнять свою работу. Приезжим из-за рубежа будет оказываться помощь, но они не получат никаких преференций».

* * *

Он отметил, что вся работа должна осуществляться в соответствии с законом и нашими обязательствами.

«Мы проведем переговоры с российской стороной и будем решать эту проблему в интересах нашей страны. Вновь повторю: в этот сложный период нам нужны, прежде всего, единство и благополучие. Только сохранив мир в стране, мы сможем стабильно развиваться. Мы должны серьезно обсуждать и продуманно решать все вопросы».

КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ

НЦПДХ – 90 ЛЕТ

ПЕДИАТРИЯ КАЗАХСТАНА: ВЧЕРА, СЕГОДНЯ И ЗАВТРА

Как сообщила пресс-служба НЦПДХ, в Алматы проходит Международная научно-практическая конференция педиатров и детских хирургов Казахстана «Педиатрия Казахстана: вчера, сегодня и завтра», посвященная 90-летию Научного центра педиатрии и детской хирургии.

В юбилейном мероприятии принимают участие директор департамента охраны здоровья матери и ребенка МЗ РК М.Х.Ембергенова, ректор КазНМУ имени С. Ж. Асфендиярова М.Е.Шоранов, председатель правления Научного центра педиатрии и детской хирургии А.З.Кусаинов, директор Национального медицинско-исследовательского центра детской гематологии, онкологии и иммунологии им. Д. Рогачева Г.А. Новичкова, член-корреспондент НАН Беларуси, профессор, онкогематолог О.В.Алейникова, также примут участие педиатры со всех регионов Казахстана и делегаты из Беларуси, России, Таджикистана, Узбекистана, Великобритании, Германии, Украины, Чехии и т.д., ведущие специалисты и руководители научных институтов, а также профессора медицинских вузов.

Основной целью конференции является обсуждение вопросов и обмен опытом по сохранению и укреплению здоровья детей, организация качественного медицинского обслуживания детей, обсуждение актуальных вопросов диагностики и лечения болезней детского возраста.

Организаторы мероприятия: Научный центр педиатрии и детской хирургии при поддержке МЗ РК и Союза педиатров Казахстана.

На заседании обсуждаются достижения и перспективы развития Научного центра педиатрии и детской хирургии, перспективы развития детской хирургии, а также дальнейшие стратегические направления педиатрической службы страны.

Двухдневная программа конференции включает в себя тематические сессии как: «Актуальные проблемы педиатрии и неонатологии», «Детская хирургия: современные методы и направления», «Современные вопросы диагностики и лечения орфанных заболеваний», «Современные технологии диагностики и лечения онкологических и гематологических заболеваний», «Актуальные вопросы патологоанатомической диагностики», «Роль медицинских сестер в организации медицинской помощи детям».

Справочно:

Научный центр педиатрии и детской хирургии является одним из старейших институтов в Казахстане, основан 28 ноября 1932 году как Научно-исследовательский институт охраны материнства и младенчества. Сегодня Центр является уникальным многопрофильным научно-исследовательским и лечебным учреждением, а также образовательной базой по подготовке высококвалифицированных кадров. Наличие в клинике мощного потенциала и современного лечебно-диагностического оборудования позволяет Центру оказывать медицинскую помощь по общепризнанным в мире новейшим инновационным технологиям в области педиатрии и детской хирургии.

Более 700 сотрудников Научного центра педиатрии и детской хирургии неустанно трудятся на благо здоровья детей.

НЦПДХ является головным методическим, научно-практическим и консультативным центром по детству в республики и осуществляет координацию работы всей педиатрической службы в регионах.

Ежегодно в НЦПДХ получают лечение около 6 тысяч детей с различных регионов страны. В НЦПДХ активно функционируют отделение неонатологии с хирургией новорожденных, отделения общей педиатрии, пульмонологии, онкологии и гематологии, хирургии, урологии, кардиохирургии, интервенционной кардиологии и ангиохирургии, 4 отделения анестезии, реанимации и интенсивной терапии для пациентов различных профилей. Параклинические подразделения НЦПДХ представлены отделениями функциональной диагностики, эндоскопии, мощной клинико-диагностической лабораторией, отделением лучевой диагностики, а также лабораторией афереза и контроля гемопоэтических стволовых клеток с отделением трансфузиологии.

Научный центр педиатрии и хирургии является клинической и обучающей базой для многих клинических кафедр КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова, постдипломной подготовки и курсов повышения квалификации врачей. На базе НЦПДХ проводятся курсы повышения квалификации по детской онкологии и гематологии, кардиологии и ревматологии, неонатологии и интенсивной терапии новорожденных, детской пульмонологии, актуальным проблемам педиатрии, лабораторное дело, детской хирургии, кардиохирургии и урологии. Центром проводится обучение с выездом во все регионы республики по различным актуальным вопросам педиатрии и детской хирургии. Также на базе НЦПДХ осуществляется подготовка резидентов по специальности «педиатрия», «детская хирургия», «неонатология», «пульмонология детская», «онкология и гематология детская».

За большие достижения в области охраны здоровья детей центр награжден Орденом Дружбы народов и по номинации «Лидер в сфере медицины» Гран-при на международном конкурсе «Гран-при за Европейское качество».

НАШ. КОРР.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

КАЗАХСТАН ПРОВЕДЁТ ВСЕМИРНЫЕ ИГРЫ КОЧЕВНИКОВ

Казахстан проведёт Всемирные игры кочевников в 2024 году. Председатель Мажилиса рассказал президенту об итогах Всемирных игр кочевников, сообщает BaigeNews.kz со ссылкой на пресс-службу Акорды.

Он сообщил, что заявку Казахстана о проведении следующих Всемирных игр кочевников поддержало тюркское сообщество.

«Председатель мажилиса рассказал Касым-Жомарту Токаеву об участии делегации нашей страны в торжественном открытии IV Всемирных игр кочевников в турецком городе Изнике. Тюркское сообщество единогласно поддержало заявку Казахстана на проведение следующих V Всемирных игр кочевников в 2024 году», – говорится в сообщении.

НОВЫЙ СОСТАВ ПРАВОНАРУШЕНИЯ

ВОДИТЕЛЕЙ БУДУТ ЛИШАТЬ ПРАВ

КАЗАХСТАНСКИХ ВОДИТЕЛЕЙ БУДУТ ЛИШАТЬ ПРАВ ЗА ПОВТОРНОЕ УПРАВЛЕНИЕ АВТО БЕЗ ГОСНОМЕРОВ

Вводится новый состав правонарушения за повторное управление ТС без госномеров, передает ИА «NewTimes.kz».

Как сообщает Polisia.kz, согласно данным административной полиции Алматы, вводится новый состав правонарушения за повторное управление ТС без государственных номеров, где предусмотрено взыскание в виде штрафа в размере 20 МРП или лишение права управления транспортным средствами сроком на 1 год.

Помимо этого, в административной полиции рассказали и о других изменения, ожидающих казахстанских водителей:

- штраф за управление ТС с поддельными госномерами заменен на административный арест до 5 суток;
- штраф за невыполнение требований об остановке увеличен до 40 МРП (122 тыс тенге), альтернативным взысканием при этом нарушении является административный арест до 3 суток;
- за повторные нарушения теперь вводится административный арест до 5 суток и лишение прав на один год; за вождение без прав казахстанцев ждет штраф в 60 МРП (183 тыс. тенге) и административный арест до 15 суток.

Из санкции статьи за неповиновение законному распоряжению или требованию сотрудника (военнослужащего) правоохранительного органа исключается мера взыскания в виде «предупреждения», увеличивается размер штрафа до 30 МРП (91 тыс тенге) и срок административного ареста до 15 суток. За повторное совершение такого деяния вводится административный арест от 15 до 20 суток или штраф до 50 МРП (153 тыс тенге).

Новые правила действуют с 11 сентября.

Бейсенбі - Четверг, 13 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 03.35 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Күйеу бала-2»
14.10, 17.15 «Қызық екен...»
15.15 Деректі фильм
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Көңіл толқыны»
00.50 Футбол

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Кезімді жұмсам да»
13.00 Тұрсынбек Қабатов
14.00 «АйнаLine»
15.00 Сериал «Любимые дети»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Мелек»
23.00 Сериал «Вопреки судьбе»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
11.10 Т/х «Ене»
11.50, 23.50 «Күн мен хандзада»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.50 Сериал «Улыбка пересмешника»
16.10, 19.15 «Ангел хранитель»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
19.20 «Сонар»
20.00 «Астана таймс»
21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
03.40 Т/х «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.25 Сериал «А у нас во дворе»
13.05 «Дом с лилиями»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Золото лагина»
00.30 Т/с «Собор»
01.40 «Охото на изюбря»

КТК

07.05, 04.00-04.30 «КТК қоржынынан»
07.20,19.30, 03.30 Кешкі жаңалықтар
07.50 «Жат туыстар»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.10, 00.00 «Морские дьяволы. Дальные рубежи»
12.10 Сериал «Медиум»
14.20 «Королева бандитов»
16.20, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
20.00, 03.20 Астарлы ақиқат
01.50 Сериал «На твоей стороне-2»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
11.30 «Мамандық маңызы»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.50 «Бүгін»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Қасиетті Қонаев»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00, 10.20 Мультсериал
10.50, 11.50 «Сеня-Федя»
13.00 «Ангелы Чарли-2»
15.30 Х/ф «Каратель. Территория Войны»
17.40 Х/ф «Зеленый шершень»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Маска Зорро»
01.40 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.20 Сериал «Базарбаевтар»
03.00 « Әзіл студио»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.10, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Т/с «А у нас во дворе»
14.00, 23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00, 22.00 «Әке мен әке»
16.10, 00.00 «Девушки с макаровым»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Жұма - Пятница, 14 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.15 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.35 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан».
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Күйеу бала-2»
14.10, 03.00 «Тұлға»
15.15 «Жаңа Қазақстан»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «Көңіл толқыны»
00.00 «Парасат майданы»
00.35 «Сана». Ток-шоу
02.10 «Өмір көркем»
03.50 «Жаңа Қазақстан». Сұхбат

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР әнұраны
05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 Телевикторина «Бегом за деньгами»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Өнеге»
10.30 М/с «Нильс»
11.00, 20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Сериал «Вопреки судьбе»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 Мегахит «Падение Лондона»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 «Ене»
11.30, 23.50 Т/х «Күн мен ханзада»
13.30 Ток-шоу «Айтарым бар»
14.40 «Президент пәрмені»
14.50, 01.50 Сериал «Улыбка пересмешника»
17.50 «Кішкентай келін»
19.20 «Сонар»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Жетім жүрек-2»
03.40 Т/х «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00 Сериал «А у нас во дворе»
13.05 Сериал «Дом с лилиями»
14.10, 03.15 «Новости»
14.20, 03.25 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30, 04.10 «Басты жаңалықтар»
19.00, 03.35 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
22.00 «Фантастика»
00.30 «Орлинская. Тайна венеры»
02.25 Сериал «А у нас во дворе»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан» ойын-сауық бағдарламасы
07.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.50 Т\х «Жат туыстар»
09.30 Вечерние новости (повтор)
10.10 «Морские дьяволы. Дальные рубежи» драма
12.10 «Медиум» детективная мелодрама
14.20 «Королева бандитов» мелодрама
16.20 «Зәкира» драма
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
20.35 «КТКweb» жаңа маусым
21.00 Вечерние новости
21.40 «Анютины глазки» мелодрама

01.30 «На твоей стороне-2»
02.15 «Зәкира»
03.05 «Дау-дамайсыз»
03.30 «Кешкі жаңалықтар»
04.00, 04.30 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
11.30 «Қасиетті Қонаев»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Сегодня»
14.10 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.15 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «AgroLife»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі» прямой эфир
09.00, 00.30 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00 М/с «Маша и медведь»
10.20. 11.20 Х/ф «Сеня - Федя»
12.20 Х/ф «Зеленый шершень»
15.00 Х/ф «Маска Зорро»
18.10 Х/ф «Али, Рули!»
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Инопланетное вторжение: битва за Лос-Анджлес»
01.30 «31 әзіл»
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
02.40 1001 әзіл
03.00 Әзіл студио
04.30 Whats up
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.10, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
10.10, 19.30 Сериал «А у нас во дворе»
14.00, 23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00, 22.00 Т/х «Әке мен әке»
16.10, 00.00 «Девушки с Макаровым»
18.30 Айбат
19.00 «Студия 7»
04.00 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Сенбі - Суббота, 15 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.10 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30, 03.25 «Күміс көмей»
07.15, 20.00, 00.55 Ақпарат
07.50, 02.10 «Зинһар»
08.35, 21.40 «Көңіл толқыны»
09.20, 02.55 «Тіршілік»
09.55 «Ырыстың қазығы»
10.00,18.00 Т\Х «Жүректегі күз»
12.00 «Ән мен әнші»
14.00 М/ф «Геркулес»
15.25 Ұлықпан Жолдасовтың концерті
16.20 «Солтүстікке көш»
16.45 «Нартәуекел»
20.30 «Көңілді тапқырлар алаңы»
22.30 Т\Х «Бауырлар»
23.30 К/ф «Көкжалдар»
01.25 Д/ф «Ғаламшарлар»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық таймс»
06.00 Концерт «Айттым сәлем, сағыным»
08.00 Мегахит «Падение Лондона»
10.00 «Спорт әлемі»
10.30 Д/ф «Кембе»
11.00 Т/х «Тағы да суй»
12.00 «Daryn»
13.00 М/ф «Большой кошачий побег»
14.30 М/с «Нильс»
15.00 «Келінжан-4»
16.30 Культурный контекс
17.30 «Айтыс. Асыл домбыра»
19.00 Мейрамбек Беспаевпен «Covershow»
21.00 «7 күн»
21.40 «Не хабар»
22.40 Бұл осылай болған еді
23.15 Мегахит. «Падение Олимпа»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25«Әзілін жарасса...» концерті
14.40 Д/ф «Комфортный город»
17.00 «Ангел хранитель»
18.40 «Көру керек!»
20.00 «Сарап таймс»
21.55 «Жетім жүрек-2»
23.50 «Каникулы в Тайланде». фильм
01.45 «Бақыт құшағында»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.30 «Той заказ»
08.05 «П@утина
09.10 Проут
10.25 Х/ф «Дюбовь с закрытыми глазами»
15.25 Х/ф «Огонь»
16.30 «Бестің шайы»
18.30 «Айна»
19.00 Х/ф «Взрывная волна»
21.10 Сериал «Мститель»
01.20 «Поехали»
02.10 «Паутина»
02.55 «Той базар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Т/х«Үлкен үй-2»
07.40 «Озат отбасы»
08.30 «КТК web»
09.00 Вечерние новости
09.40 «Юморина»
11.30 «Анютины глазки»
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
17.00 «Танец мотылька»
21.00 «Счастье можно дарить» мелодрама

01.00 «На твоей стороне-2»
02.40 «Аталар сөзі»
03.45, 04.30 «Озат отбасы»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
11.30 «AgroLife»
11.50 Инфо-блок
12.00 Д/ф «Джеки Чан»
13.00 «Әсем әуен»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Бүгін»
14.10 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.15 «Әсем әуен»
15.00 «Қазақ үні»
15.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
16.00 «Сыр шертер»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 «Әзіл студио»
07.00 «Тәтті шоу»
08.00, 05.00 «31 әзіл»
09.00 «Күліп ал»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
12.00 Х/ф «Питер Пэн: в поисках магической книги»
14.00 Х/ф «Келинка тоже человек»
16.10 Кино «Перси Джексон и море чудовищ»
18.20 Х/ф «Университет монстров»
20.20 Х/ф «Стражи галактики»
23.00 «Біздің шоу»
01.00 Х/ф «Незнакомец»
02.30 Тамаша лайф
04.00 1001 әзіл
04.30 Ризамын
05.30 Whats up?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.20 «Жайдарман»
08.30, 00.40 «Жұлдыздың жары»
09.00 «Гадалка»
09.40 «Регина+1»
10.30 «Орел и решка»
11.30 «Измайловский парк»
13.50 «Сәлем, саған Астана» концерт
16.30 Сериал «Когда умрет любовь»
21.00 Шоу «Битва поколений»
22.40 Х/ф «Из Парижа с любовью»
03.20 Т/х «Япыр-ай»
04.00 Тамаша

Жексенбі - Воскресенье, 16 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.15 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 Ақпарат
07.00, 03.45 «Күй-керуен»
07.30, 02.55 Д/ф «Дәуір даналары»
08.20 «Ақсауыт»
08.45, 22.00 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00 М/ф «Геркулес»
13.25 «Әзіл әлемі»
15.30 Асхат Тарғынның концерті
17.25 «Әйел әлемі»
20.00 «Апта»
20.50 «Нартәуекел» телевикторина
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.30 «Көңілашар»
00.30 «Апта»
01.20 «Ақсауыт»
01.40 «Ғаламшарлар»
02.25 «Әйел әлемі»

ХАБАР

05.00 ҚР әнұраны
05.00 Қызық таймс
06.00 Бокс
09.30 Ән әлемі
10.00 «Спорт тайм»
10.30 «Помощь в дом»
11.30 «Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.10 М/ф «Дерево желаний»
14.40 М/с Нильс
15.00 Т/х «Келінжан-4»
17.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Жұп-жұбымен» шоу
19.00 «Жеті қазына»
21.00 «7 күн»
21.40 «Интервью с Кривошеевым»
22.40 Д/ф «Отдел журналистских расследований»
23.15 Мегахит. «В прямом эфире»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 «Каникулы в Тайланде»
12.35 «Ұлытау» концерт
15.25 «Напарники»
17.00 «Уақыт келді»
18.10 Т/х «Жұрттың балалары»
19.00 «Бақыт құшағында»
19.40«Көру керек!»
21.55 «Жетім жүрек-2»
23.50 Х/ф «Сонар»
02.00 «Жаралы сезім»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.35 «Той БАЗАР»
07.30 «Той заказ»
08.05, 02.50 «П@утина»
09.05 «Воскресные беседы»
09.20 «Повара на колесах»
10.35 «Каймак»
11.20 «КВН-2022»
14.15 Сериал «Мститель»
18.55 «Добрый вечер.Казахстан»
20.00 «Грани» Прямой эфир
21.00 Сериал «Уроки счастья»
01.40 «Что? Где? Когда?»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Ән мен әнші»
08.10 «Озат отбасы»
09.00 «Юморина»
11.20 Мелодрама «Счастье можно дарить»
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
17.00 «Соломоново решение»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Бауыр». Премьера Казахстанского кино!
23.40 Мелодрама «На твоей стороне-2»
02.20 Т/х «Аталар сөзі»
03.35, 04.20 «Озат отбасы»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Мамандық маңызы»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
11.50 Инфо-блок
12.00 М/ф «Блинки Билл»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Қазақстанда жасалған»
14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
16.00 «Мамандық маңызы»
16.35 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 Д/ф «Мәдени байлықтар»
17.50 «Ай мен күн телехикаясы
18.30 «Олжа»
19.00 «Сыр шертер»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Сен және мен» концерті

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 05.00 « Әзіл студио»
07.00, 02.00 «Тамаша лайф»
08.00, 01.20 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 Х/ф «Питер Пэн? В поисках магической книги»
12.00 Кино «Келинка тоже человек»
16.20 Х/ф «Университет монстров»
18.30 Х/ф «Стражи галактики»
21.00 Х/ф «Помпеи»
23.00 Х/ф «Инопланетное вторжение: битва за Лос-Анджлес»
03.00 Түркістан дауысы
05.20 «1001 әзіл»
05.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.50 «Қуырдақ»
06.10 Сәлем, са5ан Астана!
08.30, 01.10 «Жұлдыздың жары
09.00 «Гадалка»
09.40 Измайловский парк
12.00 Х/ф «Битва поколений»
13.30 «Жұлдызым» концерт
15.40 Т/х «Бастық боламын»
18.50 Х/ф «Из Парижа с любовью»
21.00 Сериал «Кукольный дом»
01.50 Жайдарман
02.50 Т/х «Япырай»
03.40 «Тамаша»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ

20 маусымда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды, оған келесі кіреді:

- ұжымдық ұйымдар қызметінің ашықтығын күшейту;
- «Географиялық көрсеткіш» жаңа зияткерлік меншік объектісін енгізу («географиялық көрсеткіштерді» «тауарлар шығарылған жерлердің атауларынан» бөлек тіркеуге мүмкіндік береді, бұл ұлттық брендтеуді дамытуға оң әсер етеді);
- тіркелмеген өнеркәсіптік үлгілерге қатысты қысқа мерзімді қорғау жүйесін енгізу;
- тауар таңбалары, географиялық көрсеткіштер және тауар шығарылған жердің атаулары бойынша «оппозициялық» жүйені енгізу;
- патенттік сенім білдірілген өкілге қойылатын біліктілік талаптарын нақтылау.

Құқықтарды ұжымдық басқару
Заң құқықтарды ұжымдық басқару бөлігінде келесі түзетулерді қарастырады:

Қалай болды:	Қалай болады:
Жоқ	Авторлардың немесе құқық иеленушілердің құқықтарын ұжымдық басқаруға бір ғана ҚҰБҰ-ға немесе көлемі, аумағы және басқару салалары бойынша шектеумен бірнеше ҚҰБҰ-ға беруді

Құқықтарды ұжымдық басқару
Заң құқықтарды ұжымдық басқару бөлігінде келесі түзетулерді қарастырады:

Қалай болды:	Қалай болады:
Авторлық және сабақтас құқықтардың иелеріне сыйақы төлеумен бірге олардың құқықтарын пайдаланғаны туралы, оның ішінде жиналған сыйақы мөлшері туралы және одан ұсталған сомалар туралы мәліметі бар есептер беріп тұруға	Ұйымның авторлық және сабақтас құқықтардың иелеріне сыйақы төлеумен бірге олардың құқықтарын пайдалғаны туралы, оның ішінде жиналған сыйақы мөлшері туралы және одан ұсталған сомалар туралы мәліметі бар есептерді, оның ішінде ұйымның интернет-ресурсындағы жеке кабинет арқылы беру міндеті *Авторлар мен құқық иеленушілерге жиналған сыйақы сомалары, ұсталған сомалар туралы ақпаратты үйден шықпай-ақ алуға мүмкіндік береді*

Құқықтарды ұжымдық басқару
Заң құқықтарды ұжымдық басқару бөлігінде келесі түзетулерді қарастырады:

Қалай болды:	Қалай болады:
Жоқ	Ұйымның жалпы жиналыстың өткізілетін күні туралы хабардар ету және оған уәкілетті органның өкіліне қол жеткізуже̇ніндегі міндеттерін *Бұл авторлар мен құқық иеленушілердің құқықтарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, өйткені жалпы жиналыста ұжымдық ұйымдар қызметінің қағидатты мәселелері бойынша шешімдер қабылданады*

Құқықтарды ұжымдық басқару
Заң құқықтарды ұжымдық басқару бөлігінде келесі түзетулерді қарастырады:

Қалай болды:	Қалай болады:
Жоқ	Ұйымдардың аудиторлық қорытындыларды ұйымның интернет-ресурсына орналастыру және оларға 5 жыл бойы қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі міндеті орнатылған

Құқықтарды ұжымдық басқару
Заң құқықтарды ұжымдық басқару бөлігінде келесі түзетулерді қарастырады:

Қалай болды:	Қалай болады:
Сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өзінің нақты шығыстарын жабуға арналған сомалар жиналған сыйақының жалпы сомасының 30%-нан аспауға тиіс	Сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өзінің нақты шығыстарын жабуға арналған, сондай-ақ, арнай қорларға жіберілетін сомалар жиналған сыйақының жалпы сомасының 30 %-нан аспауға тиіс. *Авторлар мен құқық иеленушілерді тиесілі сыйақы сомасын алуды қамтамасыз етуге бағытталған.*

Құқықтарды ұжымдық басқару
Толықтырылды:

- ұйымдарға аккредиттеуден бас тарту үшін негізіндемелер келесі екі жылдық кезеңде Заңда көзделген міндеттердің орындалмауына байланысты куәлік беруден бас тартылды;
- авторларға сыйақы мөлшерлемелерін Үкімет белгілеген сыйақының ең төменгі мөлшерлемелерінен төмен қолданған жағдайда, ұйымды аккредиттеуді кері қайтарып алу үшін негіздер.

Тауар белгілеріне құқықтарды қорғауды күшейту, "географиялық көрсету" жаңа зияткерлік меншік объектісін еңгізу

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ
Географиялық көрсеткіш белгілі бір географиялық шығу тегі бар өнімдерде қолданылатын (сапасы, беделі және осы шығу тегіне байланысты басқа да сипаттамалар) белгілеу

КҮЗЕТ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ
- өңірлердің жергілікті өнімдерін дамыту;
- белгілі бір аймақтың дәстүрлі білімін сақтау құралы;
- туристік тартымдылық үшін өңірлер брендтерін танымал ету: өнім және өңірaжырамас байланыс;
- өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін артыру; жоқсыз бәсекелестіктен қорғау

Тауар белгілеріне құқықтарды қорғауды күшейту, «географиялық көрсеткіш» жаңа зияткерлік меншік объектісін енгізу

- Қазақстан заңнамасына зияткерлік меншіктің дербес объектісі ретінде «географиялық көрсеткіш» ұғымын енгізу зияткерлік меншік объектілерін қорғаудың халықаралық практикасына, сондай-ақ, ҚР тауарлары шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімін жүргізудің қолданыстағы практикасына сәйкес келеді.

- Тауарлардың шығарылған жерлері атауларының, географиялық көрсеткіштердің мемлекеттік тізілімі» ұғымын енгізу шетелдік және отандық құқық иеленушілер үшін тауарлардың шығарылған жерлерін көрсетуге қатысты тең жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Алматы облысы Әділет департаменті
Зияткерлік меншік құқықтары бөлімі.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ •

МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ АЙНАЛЫСУДА

Қазіргі заманда гендер деген сөзді жиі еститініміз құпия емес. Өйткені бұл кез келген мемлекетте өзекті мәселеге айналған. Қарапайым сөзбен түсіндіретін болсақ, гендерлік саясат дегеніміз – әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу болып табылады.

Сондықтан гендерлік саясат мәселесіне жан-жақты қарау керек екенін заман ағымы алға тартып отыр. Айта кету керек, қазақтың көшпелі дәуірінде қыздарды, әйелдерді жоғары бағалағаны баршаға аян. Мәселен, әйелдерге «Олар – өмірдің сәні мен салтанаты, ер адамдардың ақылшысы, балалардың тәрбиешісі» деп қараған. Ата-бабаларымыз да әйелді құрмет тұтқан. Содан да болса керек, ұрпақ тәрбиесін әйел-анаға жүктеген. Ал біз өмір сүріп отырған заманда әйелдердің қоғамдағы орны қандай? Бүгінгі әйел билік басында еркекпен иық тірестіріп жұмыс істеп жүр. Олар – ана, олар – жар, олар – қыз, олар – келін. Қызметтен де басқа қоғамдағы орындары бар. Ең бастысы – әйел қоғамның тең құқылы мүшесі.

Соңғы жылдары еліміз батыстық үлгідегі гендерлік саясатты пайдаланып, қыз-келіншектердің құқығын қорғап, олардың қоғамдағы рөлін көтеру ісімен мемлекеттік деңгейде айналыса бастады. Гендерлік тең құқықтық саласындағы мемлекеттік саясат, әйелдердің экономикалық және саяси өмірге қатысуларының кеңеюі, әлемдік қоғамдастықта жоғарғы бағаға ие болды. Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру әйелдер мен ерлердің өздерінің өмір сүру құқықтарын жынысқа байланысты кемсітусіз іске асыруы үшін барлық жағдай қарастырылған. Осы стратегияның нәтижесінде елімізде гендерлік саясат сәтті орындалып, билік тізгінін ұстаған қыз-келіншектердің саны арта түскеніне де көз жеткізудеміз.

Динара СИМИЛТАРОВА,
Талдықорған қалалық сотының жетекші маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҰСАУКЕСЕР

ЖАЛҒЫЗ АРША

Тіл сарайында жазушы Серік Әбікенұлының «Жалғыз арша» кітабының тұсаукесері өтті. Оған Талдықорған қаласындағы оқу орындарының студентері мен зиялы қауым өкілдері және кітапқа арқау болған 1916-1932 жылдар аралығында кеңестік жүйеге қарсы соғысқан (банды) деген жаламен қуғын-сүргінге түскен қазақтың қайсар батырларының ұрпақтары қатысты.

«Жалғыз арша» бұған дейін «Жолбарыс жымы», «Жетісу жазбалары», «Арша жұпары» атты кітаптардың авторы коммунистік жүйенің асыра сілтеуіне қарсы шығып бас көтерген жетісулық ерлердің қазақ қасіреті жайлы жазған төртінші кітабы. Кітапта Жетісу жеріндегі оқиғалар ғана баяндалып қоймай, кейіпкерлер жайлы суреттер мен тарихи деректер сыр шертеді. Зобалаң жылдарда Қорғас тауы арқылы Қытай мемлекетіне шұбырған елді бастап бас-көз болып, қызылдармен соғысқан қазақ ерлерінің Алтын-Емел мен Матай тауымен түйіскен, батысы Малайсары, Арқарлы шоқыларындағы оқиға желісі Күреңбел баурайы мен Қапал, Ақсу өңірлеріндегі қанды қырғындар тарихы кеңінен баяндалған.

Зиялы қауым өкілдері Серік Әбікенұлының Жетісу тарихына терең бойлап жазып жүрген кітаптарының тарихи тағылымы мен тәрбиелік мәні жайлы айтты. Серік Әбікенұлы да Жетісу тарихын тізбелеудегі басты мақсатын айтып, бүгінгі және ертеңгі ұрпаққа ұсынып отырған кітабының тұсаукесеріне Талдықорған қаласының студенттерінің келгеніне ризашылығын білдірдірді.

Жетісудың отызыншы жылдардағы тарихы мүлдем зерттелмегенін айтып, тек қана шағын дүниелер жазылғанын, архивтерді ақтарып, құжаттарды көтергенде Жетісуда қандай үлкен дүрбелең болғанын айтты. Жазылғандарының өзі некен-саяқ екеніне тоқталды. Мысалы Мәмбет Қойгелді қысқа хрестоматиялық нұсқада «1929-1931 жылдардағы көтерілістер» деген кітап жазғанын, олардың кейіпкерлері кім, ұрпақтары кім деген нәрсені ешкім жіліктеп қарамаған деді.

– *Менің Құндақпай мергенмен Жетісудағы көтерілістер тарихын зерттей бастағаныма 11-ші қараша күні тура алты жыл болады. «Жетісу» газетінің орынбасары қызметін атқарған Нүсіп Әбдірахым ағама «Банда Құндақпай» деген мақаланы бергеніме алты жыл болыпты. Сол алты жылдың ішінде біраз архивті ақтаруға тура келді. Мына кітаптың алдында «Арша жұпар» деген повесім шыққан. Ал қолдарыңызға тиіп отырған «Жалғыз арша» кітабы тек қазақ көтерілісі туралы. Оның ішінде Құндақбай мерген және соның жанында жүрген ерлер жайлы баяндалады,* – деген Серік Әбікенұлы кітап жазған кезде архив құжаттарына баса мән бергенін, Құндақбай мергеннің жанында жүрген азаматтардың есімдері шыққанын, Ырысменде, Жәнәділ батыр ұрпақтары Қызылжарда тұрғанын, одан кейін Шұбарда тұратын Бұлғақбай мергеннің алпысыншы жылдары қайтыс болғанын айтты.

Сондай-ақ кітапта белгісіз кейіпкердің болғанын, сол кезде Құндақбай мергеннің жанында жүргенін, бірақ өмірінің соңы қалай аяқталғаны белгісіз деді. «Мысалы біз Құндақбай мергеннің қаза тапқанын, шекарадан өтіп Шұбарға жерленгенін білеміз. Бірақ сүйегі табылмай қалған. Кеңес үкіметінің қандай жазасына ұшырағаны белгісіз ке-йіпкер бар. Ол Молданазар Ноғайбек. Қазір менің оң жағымда отырған Тәкен ағамыз – Молданазар Ноғайбектің немересі. Бұл кісінің әкесі Қойшыбан ағамыз төрт жасында әкесін соңғы рет көріп, маңдайын сүйгізген екен. Одан кейін жорыққа аттанып, әкесін көрмепті. Арғы жақта отырған Мұхит Қойшыман. Кербұлақ ауданы мен Жетісуға белгілі түйе палуан. Оның осы ұрпақтарына қарап Молданазар атамыздың қандай болғанын біле беріңіздер. Одан кейін отырған Айдын. Ол Құндақбайға жиен болып келеді. Бұл кісілер осы уақытқа дейін әкелерін, менің әкем батыр деп айта ал-май келген ұрпақ. Мен осыдан үш жыл бұрын Омарбек мергеннің ауылына барғанмын. «Көпбірлік» ауылына барып фильм көрсеткен кезде ұрпақтары Омарбек мергеннің Қытайдан 60-шы жылдары беріп жіберген суретін елге насихаттай алмай, үйінде шүберекпен жауып ұстап отырған. Кеңес сүйекке сіңірген әдет әлі күнге дейін қалып қалған. Сондықтан советтік зобалаңға деген көзқарас өзгеріп жатқан заманда бұл кісілерді ел алдына шығарып жатырмыз. Зерттеулер қолға алынып жатыр. Өткен жолы Берік Әбдіғалимен Жезқазғанға барған кезде «*Секе біз архивтан Құндақбай туралы бір бума құжат таптық. Жақында жариялаймыз*» деді. Соның ішінде бұл кісілердің әкелеріне байланысты дүниелер де табылып қала ма деген үміт барын айтты. Ұзақ уақыт Алматыда қызмет жасап, «Жетісу» телеарнасына қызметке келгеннен кейін ойлана келе «Жетісу» тарихын зерделеуді ойға алған Серік Әбікенұлы Батыста, Арқада, басқа өңірлерде Совет үкіметіне қарсы күрескен батырлар мен мергендер насихатталып, олар туралы том-том кітап шығарылған екен. Ал мына Жетісу – Қытаймен шекаралас жатқан жер. Халық таудан асып Қытайға кеткен. Бірақ біздің тарихымыз жазылмай қалғандықтан ойлана келе, мақала жаза бастағанын, әкесінен естіген әңгімелер еміс-еміс есіне түсіп, 2015 жылдан бастап Құндақбай мергенді зерттеп, әкесінің айтқан әңгімесінен басталған тарихи деректер үлкен шығармаға түрткі болғанын айтты. Архивты ақтарған кезде Жетісуда қаншама қанқұйлы оқиғалар болғанын тіліне тиек еткен жазушы, Алтынемел тауының басында Кісі қырылған деген жердің барын, оны осы уақытқа дейін бірен-саран малшылар болмаса, ешкім айтпағанын, сол тау-ға сегіз сағат атпен көтеріліп, «Кісі қы-рылған» туралы фильм жасағанын баян етті. Құндақбай мерген ауылын арғы бетке алып бара жатқан кезде сатқындар пулемет құрғызып мыңнан аса адамды қырып тастаған екен. Ал Совет үкіметі олардың сүйегін 85-ші жылға дейін жерлеткізбей қойған. Сол маңдағы Тастыөзек, Қоғалы, ар жағындағы Басшидің халықтары бір-екеуден шығып төрт-бес адамның сүйегін ақырындап көміп жүрген. 85-ші жылы бір мұғалім балаларға экспедицияға шығамыз деп сол жердегі барлық сүйекті үлкен қорым етіп таспен бастыртқан. Сонда 35-ші жылдан 85-ші жылға дейін 54 жыл қазақтың сүйегі таудың басында шашылып, ит пен құсқа жем болған. Айта берсек осындай оқиғалар өте көп. Біз Жетісуды аса қатты насихаттай алмаймыз. Мені бір дерек айран асыр етті. Жастар тілімен айтқанда «шок» болдым. Ашаршылық басталған 31-ші жылы Қытайдан бері қарай ұн тасып, ашыққан халықты азықтандырып жүрген қазақ ерлерін Совет үкіметі ата беріңдер дейді. Сонда 31 күннің ішінде 24 керуен ұсталған. Атып жатқан кезде жігіттер тоқтамай ары қарай өте берген. Өлсек өлейік, біреуіміз ұсталсақ екіншіміздің алып бара жатқан ұнымыз өтіп кетер деген үміттері болған. Міне осындай аталарымыздың сол кездегі ерлігін білмей жатамыз. Бізге Ресейдің саясаты көп насихатталды. Олармен дос болдық. Ресей бізді жарылқады, көзімізді ашты дейміз. Бірақ совет үкіметінің дәл бізге жасаған қиянатын айтпаймыз деген Серік Әбікенұлы «Жалғыз арша» кітабын жазу барысында осы өңірге белгілі аңыздың барын, аңыз түбі ақиқатқа негізделеді деді. Мысалы «Сатылы» асуында Молданазар, Бұлғақбай бар бір топ адам шекарадан ашыққан адамдарды өткізіп жүреді. Сол кезде Бұлғақбай мен Құндақбай екеуі бір келіншекті тауып алады. Ол жүкті болып, көшке ілесе алмай қалады, оны қашып бара жатқан ауылы, бізді ұстап алады деп тастап кеткен. Түнде келесі ауылды алып келе жатқан кезде сол келіншекті тауып алады. Кішкентайының кіндігін таспен кесіп, етегіне орап, тау ішінде жылап жүрген жерінен тауып алған. Араларындағы ең жасы Ырысмендеге: «Сен мына баланы Қытайға апарып, ауылын тауып, табыста обал болады» депті. Ырысменде апарып табыстайды. Енді Құндақбайдың жазуын қараңыздар. 1981 жылы Ырысменденің немересі Қызылжар ауылына Салтанат деген кісіні келін қылып түсіреді. Сөйтіп құдалыққа барса, жаңағы өзі Қытайға апарған келіншекті көреді. Ол кісі Діңгек ауылында тұрған. Сол келіншек пен Ырысменденің немересін Құдай қосып, бір-бірімен құда болады. Бұл басында ел арасында аңыз болып тараған. Осы оқиғаның түбін іздеп, індетті зерттеген Серік Әбікенұлы Салтанатты тапқан.

Кітаптың ерекшелігі шығармадан бөлек кейіпкерлердің фотосуретін қоса бергенімен ерекшеленеді. Кітапта келіншектердің де, Салтанаттың да суреттері бар. Салтанат тәте әлі күнге дейін сол әулетте келін. Серікке осы оқиғалардың бәрін Қыдырбек деген ақсақал айтып берген. Алайда кітаптың тұсаукесеріне ақсақал келе алмады. Тарихи деректерден құралған бұл кітаптың жетісулықтар үшін тағылымы аса зор. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Серік Әбікенұлының жарық көрген «Жалғыз арша» кітапбы оқырманға жол тартты.

Қадыр Мырза-Әли ақын айтқандай «Біздің тарих, ол да бір қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақ тағы» демекші, Жетісудағы тарихи дүрбелең кезеңді суреттеген жазушы қаламынан туындаған шығарманың өрісі кең болғай. Кітапты оқып танысқан студенттер, жас тарихшылар Серік Әбікенұлының бұл зерттеу жұмыстарын бәлкім әрі қарай зерттей түсуіне мұрындық болар.

Айтақын МҰХАМАДИ

ЖАҢА КІТАП

ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ

«Балалар жылына» орайластырып «Кедергісіз келешек – шексіз мүмкіндік» атты ойын-сауық жобасы аясында Көксу аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен құрметті ұстаз Жұмабала Балақаранова апамыздың «Ертегілер әлемі» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Шараға Көксу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Айгүл Шаяхметова, Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Үміт» күндізгі болу орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Әлия Садыкова, орталықтың тәрбиешілері мен қызмет алушылары және кітапханашылар қатысты.

Іс-шарада Ж. Балақарованың өмірбаяны мен еңбек жолы туралы слайд көрсетіліп, кітаптың тұсаукесер рәсімі жасалды. 2020 жылы облыс әкімінің қолдауымен жарық көрген бұл кітаптың жас жеткіншектердің жүрегіне жол табары анық.

Гаухар ҚОСЫМҚҰЛОВА,
Көксу аудандық кітапханасының кітапханашысы.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БИЗНЕС

КАК ЗАЩИЩАЮТ ПРАВА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

«ЭКОСИСТЕМА ЗАЩИТЫ БИЗНЕСА»: КАК ЗАЩИЩАЮТ ПРАВА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ? НАЦИОНАЛЬНАЯ ПАЛАТА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ РЕАЛИЗУЕТ НОВЫЙ ПРОЕКТ «ЭКОСИСТЕМА ЗАЩИТЫ БИЗНЕСА» ПО НАПРАВЛЕНИЮ ЗАЩИТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ. В РАМКАХ ПРОЕКТА ПАЛАТА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ Г. АЛМАТЫ ТЕСНО ВЗАИМОДЕЙСТВУЕТ С ОРГАНАМИ ПРОКУРАТУРЫ И СОВМЕСТНО РЕШАЕТ ВОПРОСЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ПО КАЖДОМУ РАЙОНУ, ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РГП ГОРОДА АЛМАТЫ.

«Одна из насущных проблем бизнеса – это существующий в стране репрессивный подход со стороны контролирующих государственных органов и правоохранительных органов. К сожалению, репрессивный характер с их стороны сохраняется, есть множество необоснованно возбуждённых уголовных дел, есть много необоснованно проводимых процессуальных действий», – отметил начальник отдела по снижению административных барьеров Палаты предпринимателей г. Алматы Нурбол Ашербеков.

При региональных палатах предпринимателей работают Советы по защите прав предпринимателей, где рассматриваются системные проблемы бизнеса. С начала года было 8 заседаний Совета по защите прав предпринимателей по вопросам земельных отношений, налогового законодательства, летних площадок, передача в доверительное управление школ, газовых заправок, субсидирования пассажирских перевозок.

Если посмотрим по статистике уголовных дел, в 2021 году было возбуждено 1770 дел, за этот же период было прекращено более 400 уголовных дел. Получается 20-25% уголовных дел были возбуждены необоснованно. Если говорить про отдельные процессуальные действия – обыски, выемки, аресты счетов, то, к сожалению, у нас в Казахстане эту статистику никто не ведёт.

Во исполнения п. 1.2 дорожной карты, принятой 11.03.2021 года в рамках реализации сотрудничества Генеральной прокуратурой Республики Казахстан и Национальной палаты предпринимателей «Атамекен» по итогам V Форума по защите бизнеса, в целях рассмотрения жалоб по фактам рейдерства и незаконного вовлечения субъектов предпринимательства в орбиту уголовного преследования. Была создана рабочая группа по рассмотрению жалоб предпринимателей.

«Основной задачей и целей в деятельности Палаты предпринимателей является защите прав и законных интересов бизнеса. Сегодня филиалом Палаты предпринимателей Медеуского района совместно с заместителем Прокурора Медеуского района Бауржан Тулендиновым, начальником местной полицейской службы Айбеком Болатбаевым провели выездную встречу с руководителями увеселительных заведений нашего района. Входе встречи были подняты вопросы касающиеся проверок со стороны МПС (Участковых), где уполномоченными органами были даны разъяснения по нормам действующего законодательства, а так, же возможности обжалования не законных действии и незаконно наложенных штрафах в отношения предпринимателей государственными и правоохранительными органами в прокуратуре района», – отметил директор медеуского филиала РПП г. Алматы Айбек Казыкенов.

По словам спикера, в эту работу входит проведение совместного анализа в различных сферах, таких как контрольно-надзорная деятельность государственных органов, административная, уголовная практика и др. По результатам анализа выявляются проблемные вопросы.

«Аналогичная работа ведется и в других районах города Алматы. Сегодня провели встречи с прокурорами Алмалинского и Жетысуского районов. На встрече были рассмотрены вопросы, связанные с соблюдением прав предпринимателей, существующие проблемы бизнеса и пути их решения. Эти вопросы обсуждаются нами на собраниях рабочих групп и разрабатываются предложения по недопущению нарушений прав субъектов предпринимательства», – сказала директор Жетысуского районного филиала Нурбике Рахимова.

Также прокуратурой города Алматы продолжается серия прямых эфиров «Знай свои права!», которые проходят на официальных страницах в Facebook @almatyprokuror и Instagram @prokuror_almaty.kz.

«Знай свои права!» - программа в режиме онлайн по разъяснению национального законодательства и повышению правовой грамотности граждан. Очередной эфир прошел 30 сентября на тему «Соблюдение прав предпринимателей со стороны полиции при осуществлении профилактического контроля», где предприниматели смогли задать свои вопросы.

Ш. ХАМИТОВ.

СОЦВЫПЛАТЫ

КАК ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ , В КАЗАХСТАНЕ РАБОТАЮЩИЕ МАТЕРИ ПРИ ВЫХОДЕ В ДЕКРЕТНЫЙ ОТПУСК МОГУТ РАССЧИТЫВАТЬ НА ПОЛУЧЕНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ ВЫПЛАТ ПО УХОДУ ЗА РЕБЕНКОМ. С НОВОГО ГОДА ПРАВИЛА ТАКИХ ВЫПЛАТ ИЗМЕНЯТСЯ. О ТОМ, КАКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ЖДУТ КАЗАХСТАНСКИХ РОДИТЕЛЕЙ, РАССКАЗАЛИ В ГОСУДАРСТВЕННОМ ФОНДЕ СОЦИАЛЬНОГО СТРАХОВАНИЯ (ГФСС).

С НОВОГО ГОДА ПРАВИЛА СОЦВЫПЛАТ ИЗМЕНЯТСЯ

С 2023 года в рамках проекта «Социальный кодекс РК» предусматривается реализация различных мер поддержки материнства и детства. В частности, будет увеличен срок, в течение которого родители, воспитывающие младенцев, будут получать государственные пособия и соцвыплаты из ГФСС.

Однако, помимо этого, предусматриваются и другие изменения, которые касаются непосредственно работающих родителей и их социальных выплат.

На данный момент один из родителей после рождения ребенка может обратиться за социальной выплатой на случай потери дохода в связи с уходом за ребенком до одного года из ГФСС. Размер выплаты составляет 40% от среднемесячного дохода за последние 2 года до даты рождения ребенка. В новом году срок этой выплаты увеличится до полутора лет.

При этом не все работающие родители имеют право на получение соцвыплат из фонда. Деньги будут получать только те, за кого производили социальные отчисления не менее шести месяцев за последние два года до рождения ребенка.

Если у родителя нет необходимого трудового стажа, то он не сможет получать соцвыплаты из ГФСС. Вместо этого ему будет назначено государственное пособие по уходу за ребенком до достижения им полутора лет. Оно, как правило, меньше социальной выплаты и зависит не от зарплаты родителя, а от месячного расчетного показателя.

Вместе с этим изменятся и правила соцвыплат из ГФСС. Они будут поступать родителю даже в том случае, если он выйдет на работу. В этом случае сумма будет равна размеру пособия из бюджета. На текущий же момент такого правила нет — если родитель, получающий соцвыплаты, выйдет на работу, они автоматически прекращаются.

Напомним, в Казахстане в пилотном режиме работает цифровая карта семьи — система, благодаря которой казахстанцам больше не нужно собственноручно подавать заявки на получение тех или иных пособий и соцвыплат — все будет происходить автоматически, без участия человека. Это касается и выплат родителям, которые воспитывают младенцев.

МИНТРУД

МОЖНО ЛИ РАБОТАТЬ 4 ДНЯ В НЕДЕЛЮ СЕЙЧАС

Казахстанцы могут перейти на четырехдневную рабочую неделю по соглашению с работодателем. Об этом сообщили в Министерстве труда и социальной защиты населения, передает корреспондент Tengrinews.kz.

В соответствии с Трудовым кодексом нормальная продолжительность рабочей недели в Казахстане составляет 40 часов с двумя выходными днями, за исключением отдельных категорий лиц — инвалидов, лиц, занятых во вредных условиях труда.

«Согласно статье 70 Трудового кодекса при заключении трудового договора, а также в процессе трудовых отношений по письменному соглашению между работником и работодателем работнику может устанавливаться неполная рабочая неделя, то есть сокращение числа рабочих дней в рабочей неделе или сокращение рабочей недели. В связи с чем в настоящее время Трудовой кодекс позволяет работодателю по соглашению сторон установить четырехдневную рабочую неделю», — сообщили в пресс-службе ведомства в ответ запрос Tengrinews.kz.

При этом министерство подготовило поправки в Трудовой кодекс, в том числе введение режима работы, при котором по соглашению сторон допускается установление четырехдневной рабочей недели с правом чередования с пятидневной или шестидневной рабочей неделей.

«Например, одна неделя работы с пятидневным графиком работы, вторая неделя с четырехдневной рабочей неделей. Данная практика уже применяется к офисным работникам и соответствует международным стандартам в области труда. Введение данного режима позволяет с учетом производственного процесса обеспечить работнику сочетать обязанности по работе с личными и семейными нуждами», — добавили в Минтруда.

Как отмечают в ведомстве, работа в таком режиме не влечет для работника ограничений в продолжительности оплачиваемого ежегодного трудового отпуска, исчисления трудового стажа и других прав в сфере труда, установленных Трудовым кодексом, трудовым, коллективным договорами, соглашениями.

ПРОИСШЕСТВИЕ

СЕМЬ ЛЕТ КОЛОНИИ ПОЛУЧИЛ 15-ЛЕТНИЙ ШКОЛЬНИК

Сотрудники транспортной полиции задержали двоих молодых людей в районе железнодорожного вокзала с поличным при закладке наркотиков, передает Kazakh24.info со ссылкой на Polisia.kz.

Второго марта этого года 15-летний подросток и его 19-летний подельник были задержаны при осуществлении закладок на подъездном пути станции Уральск. Они прятали расфасованное порошкообразное вещество в стволы деревьев.

«Согласно заключению экспертизы, изъятое у задержанных вещество является психотропным, общий вес которого составил 11 граммов. Координировали свою деятельность молодые люди через один из Telegram-каналов», – рассказали в департаменте полиции ЗКО.

Линейным отделом полиции станции Уральск проведено расследование по статье 297 УК РК «Незаконные изготовление, переработка, приобретение, хранение, перевозка в целях сбыта, пересылка либо сбыт наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов».

«Специализированным межрайонным судом по уголовным делам Западно-Казахстанской области 19-летний подсудимый получил наказание в виде лишения свободы сроком на 10 лет, а его 15-летний сообщник осужден к семи годам 6 месяцам лишения свободы», – сообщили в полиции.

Полицейские предупреждают: многие молодые люди, которые выбирают подобный «заработок», считают, что ничего криминального в этом нет. Ведь они не передают наркотические средства из рук в руки, а следовательно по их мнению не нарушают закон.

Однако, с юридической точки зрения действия по закладке наркотических средств квалифицируется как сбыт и за это предусмотрена уголовная ответственность в виде лишения свободы на срок от 10 до 20 лет. А уголовная ответственность за сбыт наркотиков наступает с 14 лет.

К слову, на заседании совета по молодежной политике при президенте РК в понедельник 22 августа министр внутренних дел Марат Ахметжанов напомнил об ужесточении наказания в этой сфере. В частности, с октября прошлого года «синтетика» приравнена к тяжелым видам наркотиков, и уголовная ответственность за их хранение наступает уже с одного грамма (ранее – с 50 граммов).

Как подчеркнул глава МВД, важно понимать, что в наркосреду активно втягивается незанятая молодежь – это сами себе предоставленные студенты и школьники.

«Поскольку участия лишь органов полиции и здравоохранения в борьбе с наркоманией недостаточно, то нужно консолидировать совместные усилия госорганов с общественностью страны, – обратился с этими словами министр внутренних дел к членам молодежного совета.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ФУТБОЛ

ПРЕМЬЕР-ЛИГАҒА ҚАЙТАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

«Жетісу» футбол командасы Қазақстан чемпионатының бірінші лигасында өнер көрсетті. Елордадан келген қарсыластармен өткен тартысты ойынды Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев та тамашалады.

Жергілікті клуб келер жылғы маусымда еліміздің үздіктер тобында жолдама алу үшін барын салды. Әзірге 19 турдың қорытындысы бойынша талдықорғандықтар 5-ші орында келеді.

Алаңға жігерленіп шыққан жерлестеріміз үшін қарсыластарын ұту аса маңызды болғандықтан, бұл матчта 3 ұпай иеленіп, ойын кестесінің 3-ші сатысына көтерілуге бар күш-жігерін жұмсады.

Жетісулықтар алаңның қос қапталынан кезек-кезегімен шабуылдады. Қарбалас сәттердің бірінде «Жетісу» ойыншысын шалып құлатқандықтан төреші «Жеңіс» қақпасына 11 метрлік айып добын белгіледі. Айып добын Бауыржан Тұрысбек мүлтіксіз орындап, есепті 1.0 есебімен ашты.

45 минуттық таймда «Жетісу» және «Жеңіс» командалары арасында есеп айырмашылығы болған жоқ.

Екінші таймда да қарқынын жоғалтпаған жетісу ойыншылары үздіксіз шабуылдар ұйымдастырып, қарсыластар қақпашысына дамыл бермеді.

Шабуылдың бірінде Марат Бураев есепті 2.0-ге еселеді. «Жетісу» командасын қолдаған көрермендер айғайы мен қол шапалағынан қуат алған футболшылардың бірі Сергей Гридин есепті 3.0 есебіне жеткізді. Алайда соңғы минуттарда қарсылас «Жеңіс» командасының ойыншысы Карим Смыков қақпаға доп салды.

Қорытынды нәтижесінде 3.1 есебімен жеңіс «Жетісу» командасының пайдасына шешілді. Осылайша, команда қоржынына 38-ші ұпай түсті.

Қаланың орталық стадионында өткен матчтан кейін аймақ басшысы жаттықтырушылар құрамы мен команда ойыншыларын сенімді жеңісімен құттықтап, команданың Премьер-лигаға қайта оралатын кезі келгенін баса айтты. Сол үшін барлық мүмкіндіктердің жасалынып жатқанын айтты. Ең бастысы командалық рух, еңбекқорлық және жеңіске деген жігер дей келе, облыс басшысы Бейбіт Өксікбайұлы алдағы жоспарларды талқылап, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БОКС

ЖІГІТТЕР ЖАРАДЫ

Польшаның Люблин қаласындағы MOSiR Hall спорт кешенінде өткен кәсіпқой бокс кешінде үш бірдей отандасымыз, ADAL Promotions компаниясының былғары қолғап шеберлері – Бекзат Нұрдәулетов, Мейірім Нұрсұлтанов және Бекман Сойлыбаев өнер көрсетіп, қазақстандық жанкүйерлерді жарқын жеңісімен қуантты.

Польшадағы бокс кешінде бірінші болып шаршы алаңға жартылай ауыр салмақтағы отандасымыз Бекзат Нұрдәулетов шықты. Әуесқой бокста бірталай жетістікке жетіп, әлем чемпионы атанған маңғыстаулық боксшы 2020 жылдан бері кәсіпқой бокста өнер көрсетіп келеді. Бүгінге дейін бес жекпе-жек өткізіп, барлығында жеңіске жеткен ол бұл жолы да грузиялық Яго Кизириядан (6-8, 4 КО) ұпай саны бойынша басым түсті. 8 раундқа жоспарланған жекпе-жекте Бекзат айқын басымдыққа ие болып, төрешілердің бірауызды шешімімен жеңіске жетті – 79-73, 80-72, 80-72 .

Ал жартылай жеңіл салмақта жұдырықтасқан Бекман Сойлыбаев (14-1, 5 КО) тек қазақстандық жанкүйерлердің емес, бокс кешін MOSiR Hall спорт аренасынан тамашалаған жергілікті көрермендердің де ыстық ықыласына бөленді. Аздаған үзілістен кейін карьерасын қайта жалғастырған жерлесіміз Польшада Оңтүстік Африка Республикасының өкілі Сифосетху Мвулмен (16-4-1, 7 КО) WBA Inter-Continental белбеуі үшін жұдырықтасып, қарсыласын жетінші раундта сұлатып салды. Бекманның жойқын соққысын өткізіп алған Сифосетху біраз уақыт есін жия алмай, жекпе-жекті жалғастырудан бас тартты.

Қазақстандық боксшылардан соңғы болып шаршы алаңға орта салмақтағы Мейірім Нұрсұлтанов шықты. Бұл жекпе-жекте отандасымыз биыл ғана жеңіп алған WBO International белбеуін бірінші рет сәтті қорғады. Аргентиналық Марсело Фабиано Касереспен (18-4, 13 КО) жұдырықтасқан жерлесіміз 10 раундтың қорытындысы бойынша ұпай санымен жеңіске жетті. Бір төреші отандасымызды 98-92 есебімен алда болды деп есептесе, екі төрешінің пікірі бойынша Нұрсұлтанов бір раунд басымдығымен ұтқан – 96-94. Бұл – 29 жастағы Мейірім Нұрсұлтановтың кәсіпқой бокстағы 18-ші жекпе-жегі және 18-ші жеңісі. Сондай-ақ ол 10 қарсыласын мерзімінен бұрын тізе бүктірген.

Бокс кешінің басты жекпе-жегінде ауыр салмақтағы жергілікті боксшылар Михал Чеслак (23-2, 17 КО) пен Кшиштоф Твардовски (9-4, 6 КО) жұдырықтасып, алғашқы бесінші раундта техникалық нокаутпен жеңіске жетті.

КЕЗДЕСУ

«ЖАСТАР» СПОРТ САРАЙЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ЖЕТІСУЛЫҚ ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ. ЖЕТІСУ ЖЕРІ РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША СПОРТ САЛАСЫНАН АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА КЕЛЕДІ. ЖЕКЕЛЕГЕН СПОРТТАН БӨЛЕК КОМАНДАЛЫҚ ТУРДАН ДА ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЕЛ ҮМІТІН АҚТАП ЖҮР.

ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Солардың бірі волейболдан әйелдер арасындағы «Жетісу» командасы. Бұған дейін аталған қыздар жеті мәрте ел чемпионы, Азия клубтық чемпионатының жүлдегерлері, ҚР кубогында да үздіктер қатарынан көрінген. Тек соңғы үш жылда шығыстың «Алтай» командасына есе жіберіп, күміс жүлдегер атанды.

Жаңа маусымның алдында волейболшылар облыс әкімі Бейбіт Өксікбайұлымен кездесіп, өздерінің жоспарларымен қатар, алдағы чемпионатқа болжам жасап, команданың жаттығуына байланысты өтініш-тілектерін айтты. Команданы толғандыратын басты мәселе – клубтың бюджеті мен оқу-жаттығу жиынын өткізетін спорттық нысанның жетіспеушілігін алға тартты. Бұл орайда «Жастар» спорт сарайынан бөлек «Динамо» спорт кешенінің бар екенін және оған талапқа сай жөндеу жұмыстары керектігін тілге тиек етті.

Өз кезегінде облыс басшысы жауапты мамандарға тапсырма беріп, аталған жаттығу залын жөндеуден өткізуді, керекті қаражатты бөлуді жүктеді. Мұнан бөлек клубтың бюджеттік қаражаты оңды шешілетінін айтты. Сондай-ақ «Жетісу», «Айқаракөз» командаларының бас жаттықтырушылары Е. Павлова мен В. Шиндовқа нақты міндеттер қойды.

– *Ең бірінші жоғары лигада ойын нәтижесін көрсетіп, бұрынғы чемпиондық атақты қайтару керек. Жоғары көрсеткіш арқылы біз жас жеткіншектерді тәрбиелейміз және жергілікті ойыншылардың көбеюіне ықпал жасаймыз. Ол үшін бар күш-жігерімізді салу керек, әкімдік тарапынан қолдаулар болады*, – деді облыс басшысы.

Еске сала кетейік, әйелдер арасындағы «Жетісу», «Айқаракөз» командалары ұлттық лигада өнер көрсетсе, ерлер командасы жоғары лигада ойнайды. Фарм-клуб ойыншылары өз лигаларында ойнап, негізгі құрамға жаңа волейболшыларды дайындаумен айналысуда.

Кездесу соңында облыс әкімі Бейбіт Исабаев әйелдер арасындағы «Жетісу» – «Айқаракөз» командасының жолдастық кездесуін тамашалады. Тартысты додада 2.0 есебімен «Жетісу» командасы жеңіске жетті. Ойын соңында өңір басшысы ойыншылар мен жаттықтырушыларға сәттілік тілеп, чемпионатта алтын тұғырдан көрінулеріне тілектестігін білдірді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

КӨКПАРДАН ЧЕМПИОН АТАНДЫ

IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аяқталуға жақын. Бүгін қазақстандықтар көкпардан ақтық сында ойнады.

Көкпар Көшпенділер ойындарының бағдарламасына тұңғыш рет еніп отыр, осыған дейін шабандоздар көкбөрі ойнаған болатын.

Көкпардан Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Моңғолия, Өзбекстан, Ауғанстан, Венгрия командалары келді. Ауғанстан аттарының мәселесі шешілмеуіне байланысты ойын көрсете алмады.

Көкпардан Қазақстан құрамасы алғашқы ойынды Өзбекстанмен ойнап, 8-1 есебімен жеңіске жетті.

Екінші ойынды Моңғолия құрамасымен ойнап, 12-2 есеп айырмашылығымен финалға шықты.

Финалда Қырғызстанның командасымен ойнаған құрама жоғары дәрежедегі ойын үлгісін көрсетті.

Ұлттық құрама мүшелері Ұ.Байтөреев, А.Нышанбеков, Қ.Тұрғанбек, А.Жамалбеков, Қ.Тоғайбаев, Е.Құрманбай, Б.Әзімбаев, И.Рәт, Д.Айтан, А.Бердіқұл, Ы.Әліпбаев, Ә.Мамыт ел намысын абыроймен қорғады!

Қырғыз шеңберіне Әділет Мамыт 2 салым, Құрманбек Тұрғанбек 1 салым, Абылайхан Нышанбеков 1 салым салды.

Ұлттық спорт жанкүйерлерінің үмітін ақтаған ұлттық құрама мүшелерін шын жүректен құттықтаймыз!

ТЕННИС

ӨЗБЕКСТАННАН БАСЫМ ТҮСТІ

Бұл күндері Қытайдың Чэнду қаласында үстел теннисінен командалық әлем чемпионаты өтіп жатыр. Екінші топқа түскен Қазақстан құрамасы біріншіліктегі алғашқы жеңісіне қол жеткізді.

Спортты дамыту дирекциясының мәліметі бойынша, жаһандық доданың кезекті тур ойынын Өзбекстан құрамасымен өткізген жерлестеріміз 3:0 есебімен жеңіске жетті. Халықаралық ірі-ірі жарыстарда бақ сынап, жүлделі орындардан көрініп жүрген Кирилл Герасименко, Алан Құрманғалиев пен Денис Жолудев оңтүстіктегі көршілеріміздің спортшыларына еш мүмкіндік қалдырмады. Үш теннисшіміз де қарсыластарын 3:0 есебімен тізе бүктірді.

Әлем чемпионатының алғашқы екі турында Франция мен Германиядан жеңіліп, кейіннен Өзбекстаннан басым түскен біздің теннисшілер кеше Үндістанмен ойнады. Осылайша, Қазақстан құрамасы алғашқы жеңісінен кейін турнир кестесінде Франциядан кейінгі 2-орынға көтерілді. Айта кетейік, алғаш рет 1926 жылы Англияда ұйымдастырылған үстел теннисінен әлем чемпионаты биыл 56-мәрте өткізіліп жатыр. 2000 жылдан бастап командалық әлем біріншілігі мәртебесін алған биылғы сайыста әлемнің 36 елінен келген 60 команда бақ сынап жатыр.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚАН ТАПСЫРАР АЛДЫНДА НЕНІ ЕСКЕРГЕН ЖӨН

Қан талдауына дұрыс дайындалмау нәтижеге айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Жалпы қан сынағы алдында не істеуге болмайды дегенді бәрі біледі. Әдетте қанға жолдама жазып беретін дәрігерлер оны аш қарынға қабылдайтынымызды ескертеді.

Оны орындау қиын емес, себебі, қан талдауы әдетте таңертең қабылданады. Бірақ қан тапсыру алдында темекі шекпеу және бірнеше күн бұрын спорттық жаттығуларды кейінге қалдыру керегін білесіз бе?

Жалпы қан анализінің нәтижесіне айтарлықтай әсер ететіні туралы толығырақ, клиникалық зертханалық диагностика дәрігері айтты.

Бұл қызыл қан жасушаларының, тромбоциттердің, гемоглобин деңгейін және гематокрит санын жалған түрде асыра бағалайды. Сіз «қою қан» деген сөзді естіген шығарсыз? Сондықтан бұл жағдайдың жақсы сипаттамасы. Осындай нәтижелермен анемияның басталуын білмей қалу өте оңай.

Қан тапсырар алдында тамақ жедіңіз бе? Бұл жағдайда лейкоциттер көбейіп, эритроциттердің шөгу жылдамдығы жоғарылайды және лейкоформуланың құрамы бұзылады деп ескертеді сарапшы. Қан анализі алдында тамақ ішкен болсаңыз, дәрігер температураның көтерілу себептерін ешқашан анықтай алмайды, сізде қандай инфекция бар екенін түсінбейді және оған аллергия кінәлі ме, жоқ па анықтай алмайды.

Қан алудан 1-1,5 сағат бұрын темекі шекпеген дұрыс. Бұл кейін эритроциттердің, тромбоциттердің, гематокриттің және лейкоциттердің дұрыс емес нәтижесін көрсетеді.

Дене белсенділігі лейкоциттер, эритроциттер мен гемоглобиннің деңгейін жоғарылатады. Ал егер олар стресспен байланысты болса, тромбоциттер де көбейеді. Тексеруден үш күн бұрын кез келген физикалық жаттығулардан бас тарту керек.

Қан анализінің сапасына тіпті сіздің қан алынатын дененің жағдайы (отыру немесе жату), сондай-ақ, дәрі-дәрмектер және тіпті психологиялық жағдайға да мән беріңіз.

massaget.kz сайтынан алынды.

ТӘМСІЛ

БАҚЫТТЫҢ ТҰРАҒЫ

Бір күні Қызыр ата жолаушылап келе жатып Бақытты кездестіреді. Ол:

– Әй, Бақыт, мен ел ішін аралаймын, пенденің тілегін Құдайға жеткіземін. Бірақ, қай үйге кірсем де, жұрттың бәрі «Бақыт қонсын!», «Бақытты бол!», «Бақыт қайдасың?» деп іздеп жатады. Жаббар Хақ сені Адамға серік болсын, өміріне көрік болсын деп жаратты. Шиш пайғамбар алғаш үй салғанда төріне жайғасып едің. Ел-жұрт «Ат аунаған жерде түк қалады, қонақ отырған жерде құт қалады» деп, саған қол жеткізу үшін қонақ шақырып, мейман күтуге таласатын еді. Бірақ өмірде бақытты жандар да көп, бақытсыз бейбақтар да жетерлік. Сен әркімнің қолына түсе бермес ғайып құсы сияқтысың. Тұрағыңды айтшы, жарқыным?! Кімге қонасың, кімге бұйырмай кетіп қаласың? – дейді. Бақыт:

– Сұрағың орынды, Қызыр баба! – деп әдеппен тағзым етеді. – Мен, ең алдымен, ісінің берекесі жоқ, сөзінің келекесі көп адамға дарымаймын. Ата - анасын сыйламайтын, оларға қызмет қылып, жандарын қинамайтын нанданбен жұлдызым қарсы. Есірік ұл мен кесапат қыздан, ата - енесін күтпеген келіннен алпыс қадам аулақ жүремін. Әсіресе, Аллаға зікір айтпайтын, иманын дұшпаннан қорымайтын, көрші ақысын жеуден қорықпайтын жандармен Құдай жолымды түйістірмесін деп күніне сан мәрте дұға қыламын, – депті. Қызыр ата тағы да:

– Ал қайда тұрақтайсың? Кімнің шаңырағына шаттық бересің, кімнің басына бақ болып бітесің? – деп сұрайды. Бақыт іркілместен:

– Менің ең жақсы көретінім – ата - анасына құрақ ұшып қызмет ететін, бірлік пен ынтымақты ырыс деп ұғатын жандар. Өзгені күндеуден, кісіні мінеуден аулақ момындарды іздеп жүрем. Алланың есімін жаттаған, адалдан басқа татпаған ақжүрек жандармен жылдам жұғысамын. Сахар тұрып, сәресі ішіп, ораза ұстайтын тақуамен тез тіл табысамын. Бейбітшілік пен берекені ту еткен кісілермен тіл қатыспай - ақ ұғысамын, – деген екен. Қызыр ата шаттанып:

– Ендеше сен қонған жанға мен де даримын, – дейді. «Бақ қонып, Қызыр дарыған» деген сөз осыдан қалған екен деседі.

bilimdiler.kz сайтынан алынды.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Аутқа кетіп қалмасаң болды

Еліміздің ақын-жазушыларының Бердібек Сапарбаевқа деген құрметі ерек, сыйластығы бөлек. Олар Бекеңді бірнеше облысты басқарған іскер ұйымдастырушы, министрліктерге жетекшілік еткен білікті басшы ғана емес, нағыз ұлтжанды азамат, руханиятымыздың жанашыры, мәдениетіміздің қамқоршысы ретінде жақсы таниды.

Осы Бекең Оңтүстік Қазақстан облысында әкім болып тұрған кезінде қол астындағы бір қызметкері қабылдауына келеді.

– Жұмсаған қызметіңіздің бәріне барып жатырмыз. Анда да бардық, мұнда да бардық. Футболдың добы сияқты домалап жүрміз, – деп өзінің біршама мекемені басқарғанын сөз етіп, наз айтса керек.

Сонда Бекең:

– Шырағым, солай домалай берсеңші. Тек аут кетіп қалмасаң болды, – деген екен.

Күнделік жазуға кірістім

Төлен Әбдік бірде көшеде келе жатып, ақын Өтежан Нұрғалиевті жолықтырады. Салған беттен Өтежан шабыттана сөйлеп, екеуара мына мазмұнда диалог болыпты:

– Теке, менің творчествома белесті өзгеріс енді!

– Иә, ол не өзгеріс, айтсаңшы?

– Мен соңғы кезде күнделік жазуға кірістім.

– Е-е, оның дұрыс екен…

– Дәл қазір сіз не айтар екен деп аузыңызды аңдып тұрмын!

Ұятқа қалып жүрмейік

Жарасқан Әбдіраш төсек тартып ауырып жатады. Бірде ауруханаға бас дәрігері келіп, Премьер-министрдің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов келетінін, ақынның көңілін сұрамақшы екенін ескертеді. Бөлмені жинастырып, төсек-орынды жаңартып, тіпті Жарасқанның шашын да ретке келтіріп тарап, дайындайды.

Сонда ауыр науқас болса да әзілі қалмаған Жарасқан ақын:

– Апырмай, қатты дайындалып кеттік қой… Жазылып кетіп ұятқа қалып жүрмейік! – деген екен.

qazaqadebieti.kz сайтынан алынды.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

БӨЛМЕ ӨСІМДІКТЕРІН ҚАЛАЙ КҮТЕМІЗ?

Күндізгі жарығы қысқа күндер, күннің жетіспеуі, құрғақ ауа мен суық температуралар бөлме өсімдіктеріне жақсы жағына әсер ете қоймайды.

Әр бөлме гүлі өзінше ерекше. Кейбіреулері мол суаруды қажет етсе, басқаларының қорек көзі жарық болуы мүмкін.

Әрине, топырақты құнарландыру және құнарлы заттардың нақты деңгейін сақтау да маңызды. Бөлме өсімдіктері күтіміне арналған барлығына белгілі ережелерден бөлек пайдалы қарапайым лайфхактар да бар.

Кофе – өсімдіктерге арналған жақсы тыңайтқыш. Онда азот, калий, кальций және магний секілді маңызды құнарлы заттар бар. Әсіресе, кофе сабақтың өсуін ынталандыратын азотқа бай. Бұл органикалық және қарапайым күтім әдісі әсіресе раушан, гортензия және магнолияға келеді.

Қыста өсімдіктерге күннің көзі аз түсетіндіктен, оларға құнарлы заттардың жетіспеуі қатты білінеді. Өсімдіктер жемістері мен тұқымдарында крахмал қорын арттыруға тырысады. Крахмал глюкозаны сақтауға көмектеседі. Оның жетіспеушілігінен гидролиз процесі іске қосылады.

Келесіде арнайы тыңайтқыш сатып алудың орнына картоп немесе макарон қайнатқан суды пайдаланыңыз. Оның суығанын күтіп, содан соң өсімдіктеріңізді ойланбастан суара беріңіз.

Жұмыртқаның қабығы топырақ қышқылдығын азайтуға көмектесетін әкке және өсімдікті жақсы қоректендіретін кальцийге бай. Оның қабығын ұсақтап сындырыңыз, содан соң топырақтың бетіне біртекті етіп салып шығыңыз.

Кей бөлме өсімдіктері, әсіресе, олардың гүл бүршіктері бар түрлері сірке суын жақсы көреді. Қышқыл тамырлардың тез өсуіне және жақсы гүлденуге ықпал етеді. Бір шай қасық сірке суын бір жарым литр сумен араластырыңыз, содан соң оны үш айда бір рет қолданыңыз. Бастысы, өте көп суарып жібермеу керек.

massaget.kz сайтынан алынды.

СӨЗ ЖОҚ

Қабанбай батыр көшесі

І.Жансүгіров көшесі

Бетті дайындаған А. НҰРЖАПАР

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 999
Индекс 15534